



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

# ORTALYQ QAZAQSTAN

Қ А Р А Ф А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ф А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz

СЕНБИ, 9 ҚЫРКҮЙЕК, 2023 ЖЫЛ №100 (23 276)

www.facebook.com/ortalyq.kz info@ortalyq.kz

## ЕРТЕҢ – ОТБАСЫ КҮНІ

# Ұлдың ұяты әкеден

«Отбасы» деген сөзді алып қарасаңыз, «от» сөзінен басталып, «басы»-мен аяқталады. Мұнда «отағасы» деген сөздің төркіні жатқандай. «Сол үйдің әулет басы, отбасы, несі» деген түсінік болса керек. Расында, оттың басы әке тәлімінсіз тұл көрінеді.

Жан АМАНТАЙ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазақ ежелден ата мен әкеге құрметпен қараған. Әке бір үйдің асыраушысы һәм қорғаны. Тәлім-тәрбие мен ұлт сүйіштіктің де қалыбы әкеден. Қазақтар қарғыстан да ауыр сөз бар. «Тексіз» деген. Бұл сөздің түп төркіні әкесіз өскен, донсіз, тамырсыз, бастаусыз, қайдан шыққаны беймәлім дегенді білдіреді.

Жас баланың бойындағы жақсылы-жаманды қасиеттерін байқаған байырғылар оны, ең бірінші, әке мен ата тәрбиесінен көреді. Жақсы болса, «Тегіне тартқан, атасы текті еді. Көргенді бала» деседі. «Ата көрген ок жонар» бір естігенге жай нақыл болғанымен, мағынасы тереңде. Ұл әкесіне қарап, бой түзейді. Әкенің мінезі мен жүріс-тұрысы – балаға танымдық мектеп. Оның сақал-мұртын басқанына, киінгеніне қарап, бала дәріс алуға көшеді. Тіпті, әкесі темекі тартса да, сол бір ісін мақтаныш көріп, қайталауға тырысқан талайымыз бар шығармыз. Әке – ұл айнасы қашанда. Қарап отырсақ, балаға қанша ақыл айтсаң да, оны қорытып, нәтиже шығаратын жан ілуде-шалу. Ал, өз мінезің мен жақсы-жаман қасиетті ұл-қызыңнан көргенде, айтқан ақылдан гөрі жүріс-тұрысты түзеу керектігіне көз жетеді.

Бауыржан Момышұлы ұлына айтқан өсиетінің бірінде «Көп тыңда. Аз сөйле. Сөзіңнің артынан ісіңмен үлгеруге жаныңды сал» – дейді. Бір ауыз сөздің



артында қанша тәрбие мен мәрттік жатыр. Ердің ерлігі тек жау жайратып, түз тағысын аулау немесе өзгеге өзінді өгіз күшін арқылы мойындату емес, сабыр мен жігер, берген уәде, айтқан сөзге берік болу арқылы танылса керек.

«Жақсыдан жаман туса да, жаман-

нан жақсы туса да, тартпай қоймас негізге» деп Бұқар баба тегін айтпаса керек. Әр ненің негізі түпкі қалыбында. Ханнан туған түбінде хан, қарадан туған кара болары хақ.

Асылында, әке тәрбиесі қашан да, түгел ұлттың тура жолын салып,

бағыт-бағдар беріп отырады. Бүгінге дейін Құнанбайдың Абайға берген тәрбиесі түгел ұлттың тәліміне айналған жоқ па?! Сол себептен қазақ халқында «Әкесі қой баға білмегеннің, баласы қозы баға алмайды» деген мағына-

## ҮКІМЕТ

# Вице-Премьер пікір білдірді

Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр «АрселорМиттал Теміртау» компаниясының орнына ресейлік «Северсталь» компаниясының келетіні туралы мәліметті теріске шығарды.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»



– Ресей компанияларынан ешкім келіссөз жүргізіп жатқан жоқ. Тағы да қадап айтамын, ешқандай келіссөз жүріп жатқан жоқ, – деді Вице-Премьер Ақордада тілшілер сұрағына орай.

Сондай-ақ, Роман Скляр әзірге инвестор қай елден келетінін айту ерте екенін атап өтті.

– Иә, шынымен де, компания қондырғыларды жөндеу, инвестициялар бойынша міндеттемелерін кешіктіруде. Өндірісте адам қазасымен байланысты қайғылы оқиғалар болып жатыр. Оның бәрі бізді алаңдатпай қоймайды. Сондықтан дамытуға ақша құйып, тиімді жұмыс істей алатын өзге инвесторларды тарту бағытында жұмыс жүргізіліп жатыр. Оның ішінде еңбек қауіпсіздігі – негізгі басым бағыт. Қазір қай елдің инвесторлары келуі мүмкін екенін айта алмаймын, – деді Роман Скляр.

## БІЛІМ

# 62 студентке Президенттік шәкіртақы

Білімі терең, ойы ұшқыр Қарағанды облысының 62 студенті Қазақстан Республикасы Президенті шәкіртақысының иегері атанды. Стипендиаттарды іріктеудің негізгі критерийі – өте жақсы оқу.

Жәлел ШАЛҚАР,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің 47 студенті, Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің 10 студенті, Қазтұтынуодағы Қарағанды экономика университетінің төрт студенті және Қарағанды индустриалды университетінің бір студентіне осындай жеңілдік бұйырды.

Президенттік стипендия мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде де, ақылы негізде де күндізгі бөлімде оқитын студенттерге III курстан және магистранттарға II курстан тағайындалады. Үміткерлер университеттің қоғамдық өміріне де белсенді қатысуы тиіс.

– Президенттік стипендия – студенттерге жақсы материалдық қолдау. Әсіресе, ақылы негізде оқитындарға. Бірінші курстан оқу үздігі болу, бар уақытын оқуға арнау, соған шыдап қарап, барынды беру – үлкен еңбек, – дейді Е.Бөкетов атындағы ҚарУ студенттермен жұмыс істеу қызметінің жетекшісі Қарлығаш Хабдрахманова.

Президенттік шәкіртақы иегері Ә.Сағынов атындағы ҚарТУ-дың VI курс студенті Әлия Доскалиеваның нақты ғылымдарға деген құштарлығы оны маркшейдерлік және геодезия бөліміне, «Сандық аэрофототүсірілім» мамандығын тандауға жетелеген.

– Мұнда өз әлеуетімді және амбициямды жүзеге асыра аламын. III курстан бері Президенттік шәкіртақы алып жүрмін. Бұл маған ғылым және қоғамдық жұмыстарға көбірек уақыт бөлуге, елімізден тыс жерлерде өтетін халықаралық олимпиадаларға қатысуға мүмкіндік береді, жоғары білікті маман болуға итермелейді, – дейді Әлия.

Президенттік стипендия 1993 жылдан тағайындалады және ең дарынды магистранттар мен жоғары оқу орындарының студенттері арасында бөлініп келеді.

## МӘСЕЛЕ

# «Өзге емес, өзім айтам өз жайымда...»



Сұрыптау станциясының маңындағы Жұмысшылар кенті сонау жылдары жолаушылар вокзалына қараған. Содан болса керек, ел аузында «Бай кент» аталып келген. Тәуелсіздік алған жылдары Жұмысшылар кенті Ә.Бөкейхан (Октябрь) ауданына қосылды. Содан бері кент тұрғындарының жағдайы көңілден де, көзден де таса қалды. Салынған жол, тартылған суы жоқ. Кәріз жүйесі де бұйырмаған. Жоспарда да жоқ. Байырғы тұрғындар 15 жыл бойы құзыры орындардың есігін қағып, табалдырығын тоздырып келеді. Бірақ, одан өзгерген ахуал тағы жоқ.

Бүгінде кентте 680-нен астам үй бар. Жартысынан көбі – көпбалалы отбасылар.

Ербол ЕРБОЛАТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

## Тозығы жеткен электр жүйесі

Ең басты мәселе – жарық. Жауған жауын, соққан дауыл онсыз да кетеуі кетіп тұрған кентке жұдырық. Табиғаттың мінезіне төтеп берер электр желісі қырық жамау. Үп еткен желден жалп етіп өшіп қалады. Соның салдарынан ауыл тұрғындары бір емес, бірнеше күн бойы жарықсыз отыруға мәжбүр. Оған себеп – электр желісінің тозуы.

Ауыл тұрғындары осы мәселені көтеріп, аудан әкімдігіне, «Қарағанды жарық» ЖШС-іне шағымын айтыпты. Алайда, тиісті ұйым басшылары тұрғындардың сұрағына мардымды жауап берменгі. Бар болғаны, үзілгенді жалғап, жыртқықты жамаудан аспаған.


– Кенттің орталығында мұндай мәселе жоқ. Кір жуғыш машина, мұздатқыш және тағысын-тағы тұрмыстық заттар қосылып тұр. Ал, кенттің жоғарғы және төменгі жағындағы үйлер артық ештеңе қоса алмайды.

➤ 4-бет

# Туризм: әлеуетке әрекет жетіспейді

Қарағанды аймағының туристік әлеуеті әлсіз деуге әсте келмейді. Құзырлы орындар қамсыз дей де алмайсыз. Бірақ түлеп кеткен туризмді көре алмай жүргеніміз шындық. Күні кеше Мемлекет басшысы өзінің Жолдауында туризм саласындағы жұмыстардың дұрыс атқарылмай жатқанын сынға алды. Еліміздің басқа мемлекеттермен салыстырғанда көш соңында қалғанын да қадап айтты. Сырт елдер туризм арқылы тәуір тұрмыс кешіп жатыр. Алақандай жерін жиһангездерді магнитше тартқан жәннатқа айналдырып алған әлдеқашан. Шыны керек, біздің ел туризмді, ал, туризм елді әлі «жатырқап» жүр. Содан да болар, ондыққа енген ғажап мекендер өзі өрісін кеңейте алмай келеді...

Қасымхан ҒАЛЫМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»



➤ 3-бет



• ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРІНІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

## Жылу жүйесі қатаң бақылауда

Бытыр Теміртау қысқа дайын болмай шығып, біраз дүрліккен еді. Қазан айында қазандықтан жылу тарамай, қараша пәтерінде дірдектеген. Өндіріспен аты шыққан шаһар қара суықта қарыны ақтарылған кейіпте жатқан. Бұл жағдай – ашы сабақ болды. Алдымыздағы қысқа дайындық қызу. «Аузы күйген үрлеп ішеді». Биыл қамдануға ертерек кірісті. Металлургия қаласындағы дайындық деңгейін тексеруге Энергетика министрі Алмасадам Сатқалиевтің өзі келді. Жылу электр орталықтарын аралады және тұрғындармен кездесіп, атқарылған жұмыс хақында есеп берді.

Ерік НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»



Министр «АрселорМиттал Теміртау» АҚ-на қарасты 2-ші жылу электр орталығына, «Bassel Group LLS» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қарасты «ҚарГРЭС-1» кәсіпорындарына барды. Алмасадам Сатқалиевтің сөзінше, жөндеу жұмыстарының сапасы мен деңгейі көңілден шығады. Теміртау қысқа дайын.

№4 қазандық агрегатына құрал-жабдықтау және №5 қазандық агрегатына кеңейтілген жөндеу жасалған. Сондай-ақ, №3 турбоагрегатты толықтай жөндеу жоспарда бар. Энергетика министрлігінің басшысы сондай-ақ, жанарғылатын энергия көздері технологиясын қолдану арқылы өндірістің энергия өндірісін дамытуға болатынын айтты.

**Газдандыру бойынша өңірде 76 млрд. теңгеге 24 іске қосу кешені орнатылмақ. Оның ішінде құны 65,2 млрд. теңгеге 16 іске қосу кешенін орнату арқылы Қарағандыны газдандыру жоспарланған.**

Нысандарды аралап келгеннен кейін министр шаһар тұрғындарымен кездесу өткізді. Кездесу барысында министр энергетикалық нысандардың жылыту маусымына дайындығы, өңірді газдандыру, жаңартылатын энергия көздерін дамыту, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге дизель отынын жеткізу мәселелеріне қатысты жоспарларымен бөлісіп, тұрғындардың сауалына жауап берді.

Шахтинск қаласы мен 2-ші ЖЭО бойынша кестеден кешігу бар. Осыған қарамастан энергия станциялары жылу маусымы басталған кезде қажетті жылуды бере алады. Көмір жеткізу мәселесі де министрлік бекіткен кестеге сай жүргізіліп отыр, – деді министр.

Облысты жылумен қамтамасыз ететін екі ірі жылу электр орталығы бар. Олар – ЖЭО-3 және ЖЭО-2. Екеуінің қуаты – 2400 Гкал/сағ. Ал нысандардың орташа тозуы – ЖЭО-3-те 66%-ға, ЖЭО-2-де 79,7%-ға жеткен.

Қарағанды облысында алдағы жылыту маусымына дайындық науқаны штаттық режимде жүріп жатыр. Биыл ЖЭО-2-де

Қазіргі уақытта облысымызда жалпы қуаттылығы 267,6 МВт құрайтын 7 ЖЭО нысандары бар. Оның ішінде қуаттылығы 266 МВт құрайтын – 5 күн электр станциясы және қуаттылығы 1 МВт болатын – 1 биоэлектростанция және 0,6 МВт қуаттылықтағы гидроэлектростанция.

Министр күзгі дала жұмыстарын жүргізу үшін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді дизель отынымен қамтамасыз ету мәселесіне де тоқталды. Облыста жиын-терімге 20,7 мың тонна дизель отыны бөлінгенін айтты. 2 айда өңірге жағармай көлемінің 33%-ы жеткізілген.

Газдандыру бойынша өңірде 76 млрд. теңгеге 24 іске қосу кешені орнатылмақ. Оның ішінде құны 65,2 млрд. теңгеге 16 іске қосу кешенін орнату арқылы Қарағандыны газдандыру жоспарланған.

Сондай-ақ, республикалық бюджеттен 2023 жылға Қарағанды және Теміртау қалаларына дейін газ желілерін салу бойынша жоспарланған 3 жобаны жүзеге асыру мақсатында 5,9 млрд. теңге көлемінде қаражат қарастырылған.

## Нұра жұртшылығымен жүздесті

Аймақтың астықты әрі ауыл шаруашылығы жақсы дамыған Нұра ауданында елдің әл-ауқатын арттыруға арналған бірқатар тын бастама жүзеге асырылуда. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Нұра ауданына арнайы жұмыс сапарымен барып, атқарылып жатқан жұмыстармен танысты. Кейін аймақ басшысы хәм басқарма басшылары Нұра аудандық мәдениет үйінің үлкен залында аудан тұрғындарымен жаңа форматта кездесу өткізді. Елдің ұсыныс-тілегіне құлақ түріп, сұрақтарына жауап берді.

Жәлел ШАЛҚАР,  
«Ortalyq Qazaqstan»

### Сүт-тауарлы ферма салынады

Нұра ауданының Көбестей ауылында қуаттылығы жылына 10 мың тонна сүт өндіретін сүт-тауар фермасы ашылмақ. Кешен мың бас сауын сиырға арналған. Жаңа кәсіпорын ауыл тұрғындарын қосымша жұмыс орындарымен қамтамасыз етіп, жергілікті өнім өндірісін ұлғайтады деп күтілуде.

АӨК-дегі инвестициялық жобалармен облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев та танысты.

Мал шаруашылығын дамытумен «Черниговский и К» ЖШС айналысады. Оның негізгі қызметі – дәнді дақылдарды өсіру.

Бүгінде ферма құрылысы басталған. Қазір ауқымды жұмыстар жүргізілуде, құрылыс материалдары жеткізіліп жатыр.

Қажетті жабдықты жеткізуді келесі жылдың басына жоспарлап отырмыз. Мұнда бес фермадан тұратын кешен, сондай-ақ, жемшөп өндіруге арналған сүрлем алаңы болады. 2024 жылдың күзін-



Сондай-ақ, облыс әкімі назарына салынып жатқан саябақ та ұсынылды. Жергілікті фермер жерлері үшін демалыс орнын құруды қолға алған. Ойын және спорт алаңдары жасалып, саябақ аумағы

Бөлекпаев пен басқарма басшыларының халықпен кездесуіне нұралықтар көп жиылды. Келушілер залында кезек ұйымдастыруға арналған электронды тақта орнатылды.

діріп берді. Сонымен қатар, жайылымға жер беру мәселесін жауапты тұлғаларға шешуді мұқият тапсырды.

Зейнеткер Таңжарық Ақыжанов – туған ауылы үшін жаны аштын азаматтың бірі. Мұнда

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ



де жұмыстар аяқталып, нысан іске қосылуы тиіс, – деп атап өтті басқарушы менеджер Арман Нұржанов.

Бұдан бөлек, облыс әкімі астық тазартқышты көріп, жерді суару туралы жобаны тыңдады. Ермағанбет Бөлекпаев Байтуған ауылына келіп, халық жағдайын жақсарту үшін қандай жұмыстар жасалып жатқанына да жіті мән берді.

Ауылда жаңа фельдшерлік-акушерлік пункт ашылған. Ескі ғимарат осы қызмет үшін бейімделіпті. Бұған дейін жөндеу көрмеген ғимараттың бүгінде өңі кірген. Қазір барлығы жайлы, бөлме жылы.

Жақында жиһаздар мен жабдықтар жаңартылып, медицина мамандары да келетін көрінеді.

Сонымен қатар, мұнда «Ауыл – ел бесігі» жобасы бойынша жолдар ретке келтіріліп, асфальт төсеу жұмыстары жалғасады. Әзірге жөндеу жұмыстарымен жеті көше қамтылған.

Аймақ басшысы жергілікті мәдениет үйінің модульдік қазандығын да аралап көрді.

абаттандырылады.

Бұл – менің туған ауылым, осында туып-өскенмін. Астанада жоғары білім алып, ауылға оралдым. Қазір егіншілікпен айналысамын, дәнді дақылдар өсіремін. Елдің бос уақытын өткізетін орын болмағандықтан, «жастар ауылдан кетпесін» деп саябақ салуға шешім қабылдадым, – дейді «Байтуған» шаруа қожалығы басшысы Максат Нұритдинов.


### Жұртты алаңдатқан қандай мәселе бар?

Аймақ басшысы Ермағанбет

Жаңа форматта өткен кездесуде 50-ге жуық азаматтың сұрағына жауап берілді.

Тұрғындардың өтінішінің көпшілігі агроөнеркәсіпке қатысты болғанын айта кету керек.

Ауыл тұрғындары үкімет тарапынан ұсынылатын субсидияларды, жеңілдікті, несиелерді қалай алуға болатынын нақтылап сұрап алды. Сондай-ақ, жайылымдық жерлердің жоқтығына шағымданды. Ал, аймақ басшысы Ермағанбет Қабулаулы жұртшылыққа бұл бағыттағы атқарылып жатқан жұмыстарды рет-ретімен түсін-



оның жастық шағы өткен. Қазір балалары мен немерелері тұрады. Ол кездесуде аудан орталығында жайлы мектептер салу қажеттілігін айтып, өз ойын ортаға салды.

– Өз сұрағымға жауап алдым.

Келесі жылы 600 орындық жайлы мектеп салынады екен. Бұл – қуанышты жаңалық. Тағы бір айта кетерлігі, маған осындай кездесу форматы ұнайды. Бұрын үлкен залда өте шулы еді. Адамдар бір-бірін тыңдамайтын. Мұнда әкіммен және басқарма басшыларымен жеке сөйлесуге мүмкіндік бар. Сұрақтар бойынша басқа мамандарға сілтеп жібермей, сол жерде шешіледі, – деді Таңжарық Ақыжанов.

Ал, Шахарбану Жарқынбекова Нұрадағы екі қабатты үйлердің бірінде тұрады. Ол үйін пеш жағып, жылытуға мәжбүр болып отырғанын айтады. Кездесуде ол оншақты отбасының ортақ мәселесін көтерді. Шахарбану 17 көпөтерлі тұрғын үйге арналған модульдік қазандық салу мерзімі жөнінде нақтылап сұрады.

Бірінші топтағы мүгедектігім бар. Пәтерді 2006 жылы алдым. Содан бері қыста пеш жағып, өмір үшін күресіп келемін. Көмір сатып алып қана қоймай, оны сарайға кіргізу, екінші қабатқа шелектермен тасу деген қыстың көзі қырауда қиынның қиыны. Бұл – бәрімізге ортақ проблема. Үнемі күл-түтіннен көз ашпаймыз. Әбден шаршадық. Сондықтан, кездесуге арнайы келдім. Облыс әкімі келесі жылы біз үшін модульдік қазандықты жобалауды бастауға уәдесін берді. Өте қуаныштымыз, – деп ағынан жарылды Шахарбану Жарқынбекова.

Тұрғындар белсенділік танытқан кездесу шамамен екі сағатқа созылды. Осы уақыт ішінде аудан тұрғындары ТКШ, медицина және білім туралы бірқатар сұрақтарын қойып, тұшымды жауап алды.

Ермағанбет Бөлекпаев барлық мәселе мен ұсыныс мұқият тыңдалғанын айтып, олардың шешімінің жіті бақылауда болатынын мәлімдеді.

Суреттерді түсірген  
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• БРИФИНГ

## Тегін көмек – сауатты жарнама

Енді Қарағанды облысының кәсіпкерлерінде жарнаманы мемлекеттік тілге аудару кезінде тегін көмек алу мүмкіндігі бар. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңында өткен брифингте тілдерді дамыту басқармасының басшысы Салтанат Әбеуова айтып берді.

Ерканат КЕЧЕСБЕКҮЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Тіл саясаты саласындағы өзекті мәселелердің бірі қызмет көрсету және кәсіпкерлік салаларында мемлекеттік тілді ілгерілету екендігі аян. Заңнама талаптарын түсіндіру мен бизнеске тегін аударма және әдістемелік көмек көрсету үшін биыл 2000-нан астам нысан қамтылып,

тіл заңнамасы мен байланыс ақпараты бар 2300-ден астам ақпараттық буклеттер таратылды. Сондай-ақ, кәсіпкерлерге тегін аударма және әдістемелік көмек көрсету үшін жедел желі жұмысы ұйымдастырылды. Жыл басынан бері 2000-нан астам тегін аударма қызметі көрсетілді, – дейді Салтанат Мірәсілқызы.

Көрсені ақпарат пен жарнаманы жүйелеу мақсатында биыл тоқсан сайынғы

тексерулер ұйымдастырылды. Облыс бойынша 2200-ден астам бизнес-объектілер қамтылды. 1249 тәртіп бұзушылық анықталып, оның 67%-ы түзетілген.

Жыл басынан бері өңірлік кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, тілге байланысты заңнама талаптарын түсіндіру әрі әдістемелік көмек көрсету үшін 1300-ден астам кәсіпкердің қатысуымен 120 іс-шара, семинар, кездесу, жиын, дөңгелек үстел форматындағы шаралар легі ұйымдастырылды.

Жедел желі телефондары: (8-7212) 51-01-88 және 8-775-163-00-00. Бұл нөмірлер бойынша кәсіпкерлер мен тұрғындар қатесі бар аудармаларға шағымдана алады.

• ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫ

## Шахтинскіде қамданғыс ширақ

Шахтинск қаласы мен оның аумағына кіретін елді мекендерде жылыту маусымының тұрақты және сапалы өтуі үшін тіршілікті қамтамасыз ету және әлеуметтік-мәдени нысандарды, тұрғын үйлерді алдағы жылыту маусымына дайындау шаралары мен жоспар-кестелері әзірленіп, бекітілген.

Ержан ИМАШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазірде кестеге сәйкес қаладағы жылу электр орталығында 3 қазандық агрегатты, 2 генератор, түтін шығару бөлігінің шатыры мен қалқа (құмдатқыш) жөндеуде. Бұл жұмыстардың дені, яғни, 82 пайызы тындырылды. Сондай-ақ, мұнда гидравликалық сынақтар жүргізіліп, ұзындығы

2,4 километр жылу желісінің 2,1 шақырымы ауыстырылып, жаңғыртылған.

Ал, Шахан кентінің қазандығында 3 агрегатқа жүргізіліп жатқан жөндеу 88 пайыз орындалды. Жалпы, бұл аймақта қысқа дайындық жұмыстарын жылыту маусымы басталғанға дейін аяқтау жоспарланған.

ШАХТИНСК

# Туризм: әлеуетке әрекет жетіспейді

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мәселен, жаз айында Балқаш көлінің кереметін сезінеміз деген жұрттың «биоәжетхана» таппай әуреге түсіп, безінгенін де естідік. Осыдан-ақ ішкі туризмнің іркіліп тұрғанын білуге болады.

Жаз бойы көл жағасында болғандар жақсы білер, курорттық аймақтың бұрыш-бұрышы коқысқа ыбырсығанын. Тіпті, жағажайдың өзінде бос бөтелкелер, тамақ қалдықтары шашылып жатады. Көзімізбен көріп, күйінгеннен соң айтып отырмыз. Сол коқысты сыртқа тасып жүрген техникаңызды да кезіктірмедік және көптен келмегенін де түсіндік.

Балқашқа келген туристерді «Шұбартүбек», «Тораңғалық» секілді демалыс аймақтарына апаратын автобустардың жоқтығы және бар. Жағдайы жеткендер такси қызметіне жүгінеді. Таксидің үнемі табыла бермейтіні тағы бар. Ал, қарапайым демалушыларға жоғарыда атап өткен жағажайға жету мұңға айналған.

Осы мәселелердің шешімін табу үшін жолға қойылған жұмыстарды жоққа шығарудан аулақпыз, әрине. Оның үстіне Балқаш туризмді дамытудың жол картасында бар. Тек, жолда қалып қоймаса дейміз.

Ал, Алаштың Арқадағы алтын бесігі саналған Ақтоғайға шетелден туристер жиі келеді. Бегазы-Дәндібайдың мәдени ескерткіштеріне қызығушылық танытатын туристер көп. Одан бөлек, Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның басына тау ететіндер де жиі келеді. Бірақ, мұнда туризм атымен жоқ. «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы жанындағы Туризм комитетінің төрағасы Жазира Жанкина шетелдік туристер алдында сан мәрте қысылғанын айтады.

«Туризм дәретханадан басталады». Бізге шет елдерден туристер көп келеді. Әсіресе, Франция елшілігімен тығыз жұмыс істейміз. Еуропалықтарды этнотуризм, экотуризм қатты қызықтырады. Қарағанды облысында оларды апаруға болатын жер көп. Мысалы, Ақтоғай ауданындағы Бегазы-Дәндібайды алайық.



Саяхатшылар ол туралы интернеттен оқып алады да, көруге күштарлығы артады. Тиісінше, біздің фирмаға жүгінеді. «Келгенше қонақ қысылады, Келген соң үй иесі қысылады» дейді ғой. Ақтоғайға апарғанша әбден ұялып бітемін. Астан-кестені шыққан жолды былай қойғанда, жол бойында дені дұрыс дәрет-

хана жоқ. Кафе-мейрамхананы сағалап, қожайындарынан сөз естіп жүргеніміз, – дейді Жазира Құрмашқызы. Кәсіпкердің бұл мәселені қозғап жүргеніне бірнеше жыл болды. Мұның оңай шешілетініне және сенбейді. Расы керек, Ақтоғайға апаратын жолдың жай-күйі жан ауыртады...

Ал, Арканың інжу-маржаны Қарқаралыға келетін туристердің де қарасы қалын. Мұнда да туризмнің дамуына кедергі келтіретін түйткілді мәселелер бар: демалыс орындары мен туристік объектілердің инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымдарын дамыту. Яғни, «Қарағанды-Қарқаралы» республикалық маңызы бар жолды орташа жөндеу, шағын авиация үшін әежайды қалпына келтіру, ұялы байланысты, оның ішінде, интернетті сапалы ету, жұмыс істеп тұрған демалыс үйлеріне дейінгі жолдарды жөндеу, туристік маршруттарды абаттандыру.

– Инвесторлар мен тұрғындардың туризмді дамытуға қызығушылығы болғанымен, бірқатар мәселелерді атап өту керек. Бұл, ең алдымен, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымның жай-күйі, кадрлар тапшылығы, сервисің әлсіз дамуы және Ұлттық парк тарапынан қойылатын көптеген шектеулер. Бүгінгі күні «Қарқаралы ауданының туризмін дамытудың 2023-2025 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары» әзірленіп жатыр. Осы жоспар арқылы туризм саласын дамыту бойынша барлық бағытты қамтуды көздеп отырмыз. Әсіресе, жол, интернет мәселелері, ауыз сумен қамтамасыз ету, – дейді Қарқаралы ауданының әкімі Ерлан Құсайын.

Міне, аймақтағы туризмнің көрген күні. Күні кеше Президент пәрменімен Туризм және спорт министрлігі жеке жасалды. Мүмкін, туризмнің қазаны енді-енді бұрқ-сарқ қайнар. Оны уақыт еншісіне қалдырдық.

• ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТТА

## Әкімдер сайлауы үш өңірде

Қарағанды облысында Ақтоғай және Осакаров аудандарының, Приозерск қаласының әкімдерін пилоттық тәртіппен сайлау туралы шешім қабылданды. Күні де белгіленді – 5 қараша.

Ерканат КЕЦЕСБЕКҮЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Осыған сәйкес, Қарағанды облыстық мәслихатының кезектен тыс, VI сессиясында депутаттар тиісті қаулылар қабылдады.

– Облыстық мәслихаттың кезектен тыс сессиясын шақыруға Мемлекет басшысының 2023 жылғы 1 қыр-

туынша, даярлық амалдары келесі аптаға жоспарланған. Осыдан кейін барып кандидаттарды ұсыну, тіркеу сынды амалдарымен қамтылған сайлау науқаны басталады.

Облыс әкімінің орынбасары Бауыржан Асанов заңнамаға сәйкес жергілікті атқарушы органдар сайлау комиссияларына ең қажетті көмек көрсететінін атап өтті.

– Өздеріңіз көріп отырсы-



күйектегі Қазақстан халқына Жолдауында айтылған аудандар, облыстық маңызы бар қалалар әкімдерінің сайлауын сынақтан өткізу қажеттігі туралы тапсырмасы негіз болған. Тұрақты комиссиялардың бірлескен отырысының қорытындысы бойынша «қанатқакты» өңірлер ретінде депутаттық корпус Ақтоғай және Осакаров аудандарының, сондай-ақ Приозерск

здар, елімізде демократиялық үдеріс әрі қарай кезек-кезеңімен іске асырылуда. Бұл орайда мәслихат тарапынан қабылданып жатқан шешімдер әділетті қоғамның түбегейлі орнығуына игі ықпалын тигізеді деп есептейміз. Тиісті жұмыс Орталық сайлау комиссиясымен бірлесіп атқарылады, – деп қосты Бауыржан Қоңырбайұлы.

Депутаттар қоғамды демократияландыру бойынша реформа-



каласының әкімдерін сайлауды ұсынды, – деді Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы Нұркен Кобжанов.

Депутат Бекзат Алтынбеков жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту үшін оның қызметінің институционалдық, экономикалық негіздерін нығайтуға бағытталған шаралар кешені іске асырылатындығын хабарлады.

– Әкімдерді сайлау жүзеге асуда. Мәселен, ауыл әкімдерінің үштен екісін Қарағанды өңірінің халқы сайлады. Осы арқылы бұл оң құбылыс бұқара үшін қалыпты жағдайға айналды. Енді бұл игі тәжірибені келесі деңгейге көтеру кезегі келді. Алдағы уақытта халық барлық деңгейде таңдау мүмкіндігін иеленеді деген сенім кәміл, – деді Бекзат Қомарұлы.

Енді таңдалған өңірлердің уәкілетті мекемелер өкілдері халыққа түсіндірме жұмыстарын жүргізуі қажет болады. Тұжырып өтелік, әкімдерді сайлау бұл халық үніне құлақ асатын мемлекет тұжырымдамасын іс жүзінде айғақтайтын бірден-бір соны қадам.

«Қазақстан Республикасының сайлау туралы» Заңына сәйкес 5 қарашада пилоттық өңірлерде сайлау өткізу ұсынылды. Өз кезегінде Қарағанды облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Қайрат Нұрқенов дайындық жұмыстары басталатынын ресми хабарлады. Оның ай-

лардың маңыздылығын атап өтті.

– Бүгінгі таңда саяси процестерді дамытуға өңірлік деңгейде баса назар аударылғаны қуантады. Егер бұрын әкімдерді қуанама құқық негізінде мәслихат депутаттары таңдаған болса, енді тұрғындардың өздері сайлайды. Өйткені, жергілікті халық өз өңірін дамытуға мүдделі және өз қажеттігін жақсы біледі, – деп түсіндірді облыстық мәслихат депутаты Сейфул-Мәлік Қазитов.

Сессияда «Respublica» партиясының Қарағанды облыстық филиалынан облыстық мәслихат құрамына енгізу үшін Арман Әлімановтың кандидатурасы да қолдау тапты.

Арман Жақанұлы 1989 жылы Саран қаласында өмірге келген. Саулетші мамандығы бойынша жоғары білім иесі. «Start» киномотография компьютерлік технологиясын дамыту жобасының негізін қалаушы. Көркем кино саласында жастар шығармашылығын дамыту қоғамдастығының төрағасы. Бірқатар деректі фильмдердің режиссері.

Сессия соңында мәслихат төрағасы өкілетті және атқарушы органдардың бірлескен жұмысының маңыздылығы мен тиімділігін атап өтті.

– Мемлекет басшысының алға қойған міндеттері өңірдің одан әрі дамуы үшін зор маңызға ие. Олардың нақты әрі тиімді орындалуын қамтамасыз ету қажет, – деп түйіндеді Нұркен Кобжанов.

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

# Бірігуге бетбұрыс

Тоқсаныншы жылдардың басында еліміздегі колхоз, совхоздардың таратылуының ақыры неге соққанын бәріміз білеміз. Соның кесірінен айрандай ұйып отырған ауылдарымыз аз ғана уақыттың ішінде азып-тозып, тұрғын халқы жан-жаққа бытырап кеткені жасырын емес. Енді «ештен кеш жақсы» демекші, сол қателікті түзеу қолға алынып, шашыраған шаруашылықтардың қайта шоғырланып, біріге бастауы көңілге үміт ұялатады.

Ержан ИМАШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жазғанда Қазақстан халқына Жолдауында «Ауыл-аймақты дамыту үшін шағын шаруашылықтарды қолдау өте маңызды. «Ауыл аманаты» бағдарламасының елге қажет екені айқын көрінді. Оның келесі кезеңінде жеңілдетілген несиелермен шектеліп қалмау керек. Жеке қосалқы шаруашылық иелері өзара бірігуі қажет. Осыған қажетті жағдай жасалуы тиіс» деп тағы да атап өткен болатын.

Абай ауданында да бұл орайда қозғалыс байқалып, бұрын бас-басына бөлек жүрген шаруа адамдары бір шаруашылыққа бірігуге бет алды.

– Биылдың өзінде, – дейді Абай ауданының ауылшаруашылық бөлімі басшысы Батыржан Оразбеков, – Сәуір, мамыр айларында біздің аудан бойынша бес ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі құрылып, заңды тіркеуден өтіп, олардың маңына үш-төрттен жеке шаруашылық иелері топтасты. Жұ-



мыс бағыты аралас ауыл шаруашылығы өндірісі болып, яғни, олар егін, мал, өсімдік шаруашылығымен де айналысады. Енді осы кооперативтерге «Ауыл

аманаты» бағдарламасы арқылы жылдық мөлшері 2,5 пайызбен жеңілдетілген несиелер, лизингке техника алып беру жағы қарастырылуда.

Атап айтқанда, аудан ауылдары Жартаста «Восход», Құлайғырда «Жаназол», Есенгел-

діде «Пахотное», Ақбастауда «Assima», Самарқада «Береке-2023» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативтері аяқтарынан тұрып, мәселелері



шешіліп жатса, баяғыша «Бәрін айт та бірін айт, коллективтің жырын айт» деп әңдететін боламыз әлі...



# «Өзге емес, өзім айтам өз жайымда...»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ол жақтарда электр кернеуі – 140-144 вольт. Мәселен, Достоевский көшесі №39 үйден бастап, №87 үйге дейінгі аралықтағы электр сымдары үзік-үзік. Жел тұрған сайын үзіледі де жағайды. Сол көшенің тұрғындары үш тәулік жарықсыз қалды. Демалыс күндерге түсіп қалса, ешкім келмейді. «Қарағанды жарық» ЖШС-іне жазып, ескі сымдардың бәрін толық жаңалап беруін сұрасақ, «Бәрі жақсы, ауыстырып бердік» деп, үзілген жерін қайта жалғап кетеді, – деді кент тұрғыны Гүлзира Сағындық.

Достоевский көшесі №83 үйдің тұрғыны Дәулет Кәпенов:

– Өткен жолы дауыл тұрып, жарық өшіп қалды. Салдарынан тоңазытқышым жанып кетті. Енді қайтадан жаңалайын десем, тағы жанып кете ме деп қорқамын. Өрі қайтадан сатып алуға қалта көтермейді. Бұл – бір. Екіншіден, біздің ауланың жанымен өтетін электр сымы жамау-жамау күйінде тұр. Ертең қайта дауыл болса, әрең тұрған сым үзіліп кетпесіне кім кепіл? Балаларым далада жүрсе, алаңдаумен боламын. Электр сымы алда-жалда үзіліп кетсе, балаларымның үстіне түсе ме деп қорқамын. Өкімдікке ауыстыруды қажет ететін тұстарын анықтап жазып бердік. Алайда, әкімдіктен «Бәрі стандартқа сай» деген жауап келді. Бір емес, бірнеше мәрте осындай жауап алдық. Осы мәселемен қыстан бері алысып келеміз. Мамандар келеді де, «Жаңалау керек» деп түртіп алады. Бірақ ешқандай нәтиже жоқ, – дейді.

Электр желісі істен шыққанда тұрғындар бірден кезекші бөлімге қоңырау шаалады. Ал, олар оқиға орнына бірнеше сағаттан кейін келеді екен. Келген соң, «жарықты өшіру үшін рұқсат керек» деп қайта кетеді екен.

## Қоқысқа тұншыққан, суға сусаған

Кенттегі 680-нен астам түтінге небәрі 105 қоқыс контейнері берілген. Пайызға шаққанда, кенттің 15%-ы ғана қоқыс контейнерімен жабдықталған. Одан қала берді, бір орынға төрт-бесуын қатар қояды. Сонда, кенттің орталығы ғана қоқыс жөшігімен қамтылған. Ал, ауылдың жоғарғы және төменгі бөлігінде қоқыс жөшіктері жоқ.

«Орталықтағы қоқыс контейнері тұрған жер үлкен қоқыс айлағына айналып барады» дейді тұрғындар. Ол жерде тұрған төрт контейнер 15 үйге тиесілі. Оған ауыл тұрғындары күлін, малдың қиын және тағы басқа қалдықтарды шығарады. Қоқысын контейнер толғанша лақтырып, сыймағанын жанына қойып кетеді. Қоқыс шығаруға жауапты «Эко-Әлем» ЖШС «Біз контейнердің ішіндегі қоқысқа ғана жауап береміз» деп, сыртында шашылған қоқысты алмайды.

– Қоқыс контейнерлері лезде тола-



ды. Ал, тиісті мекеме аптасына екі рет шығарғанымен, айналасында жиналып қалған қалдықтарды тазартпайды. Соның салдарынан ауланы да, ауаны да ластап жатыр. Шашылған қоқысты тазалауға күшіміз жетпейді. Өзіміз көлік жалдап шығарып тастайық десек, қызметі ұдай, – деді Гүлзира Жақсылыққызы.

Ауласында қоқыс контейнері жоқ тұрғындар қоқыс үшін ақыны текке төлейтінін айтады.

– Біз жақта құжаты жоқ үйлер көп. Сол үйлерге аудан алып, бірнеше адамдарды тіркеп қойған. Мәселен, бір үйде нақты үш адам ғана тұрса, оған керісінше, бес-алты адамға есептеп, төлем жіберіп жатыр. Уақыты болғандар осы мәселенің соңына түсіп, тиісті құжаттарын жинауда. Негізі, әр үйдің алдында бір қоқыс жөшігінің болуы қажет. Қазіргі уақытта аудан әкімдігі мен «Эко-Әлем» ЖШС арасында келісім бар. Сол келісім негізінде төрт-бес қоқыс жөшігін біріктіріп, кенттің әрбір жеріне топтап қойған, – дейді кент тұрғыны Дариға Қазанғапова.

Кент тұрғындары қоқыс контейнерін сұрап, аудан әкімдігіне бірнеше мәрте өтініш жазған. «Келер жылдың бюджетіне қосамыз» деп шығарып салған.

Құдайдың қара суына да зар бұқара. Қазіргі уақытта 680-нен астам түтін бар кентте қысы-жазы тұрғындар сол бір-ақ жерден су тасуға мәжбүр. Ол – төменгі ауылда, яғни, кентке кіреберіс тұста.

Жоба бойынша «Дәнекер» ЖШС-імен ұзындығы 19 шақырым болатын жерге су тарту жайында келісім бар. Нақты айтсақ, әр көшеге ауыз су тартылуы керек-тін. Ал, суды үйге кіргізу – қожайынның өз еркі. Бүгінде су тартылуы керек көшелердің тек бес шақырымына ғана су жеткізіліпті. Қалғаны әлі аяқталмаған. Тіпті, жоба-

лық-сметалық құжаттамасының мерзімі өтіп кеткен. Қазіргі уақытта аудан әкімдігі жауапты мердігер компания өкілдерін сотқа берген. Кейін, жасалынбаған жұмыстардың бәрі қайта қаралады. Ал, ол үшін жобаны қайта әзірлетіп, аудит өткізу қажет. 2021 жылдан бері әлі аудит өтпегендіктен, жоба сол қалпы іске аспай жатыр. Соның салдарынан кент тұрғындары бір су көзіне тәуелді. Қыста ол қатып қалса, іргедегі Сұрыптау кентінен су тасиды. Биыл сол жағдай қайта қайталанып деп тұр.

– Біздің аулаға дейін су тартылған. Үйге өз қаражатымыз есебінен кіргіздік.



Су жетпеген көршілеріміздің бәрі суды бізден алып отыр. Егер біздің үй болмаса, ол кісілер төменгі ауылдан тасып ішеді. Өткен жолы аудан әкімі халықпен кездесу өткізген болатын. Сол жерде осы мәселе бойынша сұрақ қойғанымызда, бізге әлі аудиттің өтпей жатқандығын айтты, – деді Дариға Қазанғапова.

## Жол төселген жалғыз ғана көше бар

Кентте бір ғана көше бар. Автобус та тек осы жолмен барып, қайтып жүр. Оның да жетісіп тұрғаны шамалы. Жамауы мен шұрық-тесігі көп. Көше арасында жол атымен жоқ. Қыста қардан, көктемде лайдан көз ашпайды кент тұрғындары.

Жолды жөндеу үшін әуелі кәріз жүйесін тарту қажет. Одан кейін, тартылмаған жылу құбыры тағы бар. 2025 жылы көгілдір отын тартылады деген жоспар бар. Демек, осының бәрі орындалмайынша, жол жоқ. Бұл тұрғындар әлі үш-төрт жыл жол көрмейді деген сөз. Мұны өздері де жақсы біледі.

– Кенттегі 300 орындықты №56 мектеп септікпен отыр. Алдағы уақытта кәріз жүйесін осы мектептен бастау қажет. Жер астындағы жұмыстар бітпейінше, жол да жөнделмейді. Ең болмаса көшеаралық жолдарды ретке келтіріп берсе екен. Қыс пен көктемде үйден шығу қиындап кет-

теді. Сонымен қатар, басты жолда адам көп өтеді деген жерлерге жылдамдық бәсеңдеткіш қойып беруін сұраймыз. Себебі, жастар осы көшеде аса үлкен жылдамдықпен жүреді, – деді Гүлзира Жақсылыққызы.

Жолаушылар вокзалының жанында Сұрыптау кентін жалғап тұрған ұзындығы 300 метр көпір бар. Көп жылдан бері жөндеу көрмеген. Қыс түссе, тозығы жеткен көпірдің мехнатын ел тартады.

– Қыста Сұрыптауға қатынау қиын. Кішкентайымды Сұрыптау бекетіне балабақшаға шанамен өзім апарып жүрдім. Осы көпірге келгенде қатты қиналамын.

– Өкімдіктерге Майқұдыққа дейін келетін бір автобустың аялдамасын осы жаққа дейін созуға уәде берді. Қандай автобус екені әзірге белгісіз. Былай қарасаңыз, автобуска ақалы мінетін жолаушыларға қарағанда, тегін қатынайтын балалар саны көп. №3 автопарк басшылығы осыған қарап отыр. Жолды ақтамаған автобус бермеді. Ол түгілі бар автобусымыз жиі қатынамайды, – дейді Дариға Қазанғапова.

Қазіргі таңда қатынап жүрген №42 автобустың жанына «тағы біреуін қосып берсе» деген тұрғындардың тілегі бар. Аралығы бір сағат емес, жарты сағатқа қысқарту қажеттігін де баса айтады.

## Дәрі мен балабақшаға Сұрыптауға барады

Бұған дейін жеке кәсіпкерлер кенттің төменгі жағынан шағын дәріхана ашқан екен. Алайда, шығынын ақтамағандықтан жауып тастапты. Себебі, жоғарғы ауылдың тұрғындарына көпір асып, Сұрыптауға барған тиімдірек. Енді кәрі-жастың бәрі еріксіз Сұрыптауға қатынап жүр.

Кент тұрғындарының жартысынан көбі – көпбалалы отбасылар. Қазіргі таңда ата-аналар балаларын Сұрыптау бекетіндегі немесе Майқұдықтағы балабақшаларға тасиды.

– Балаларымды қысы-жазы Сұрыптаудағы балабақшаға апарамын. Қыста кешігіп баратын сәттеріміз болады. Сол кезде балабақша тәрбиешілері 10-15 минутқа кешіксіңіз «балаларыңызды кіргізбейміз, алып кете беріңіз» дейді. Бір айтып, екі айтып сөзің өтпеген соң, амал жоқ, келген ізіңмен балаңды жетектеп кері қайтасын. Баласын балабақшаға тастап, әр жағынан жұмысқа кететіндер де бар. Тәрбиешілер баласын кіргізбей қойса, онда кері қайтуға мәжбүр. Өрі жұмысынан да қалады, – дейді кент тұрғыны Дариға Қазанғапова.

Кентте дүкен болғанымен, нан тағы да басқа күнделікті тұтынытын өнімдер жоқ. Кент тұрғындары жеке кәсіпкерлердің дүкен ашқанын күтіп жүр. Тіпті, сол дүкенге сатушы, нан пісіруші болуға да қарсы емес. Себебі, бұл жақта жұмыссыздар да бар. Өрі жаңа піскен нан да керек...

## Түйін

Осы мәселенің бәрін көзбен көру үшін Қарағанды қаласы әкімінің орынбасары Рүстем Қожақалиев пен Ә.Бөкейхан ауданы әкімінің орынбасары Әлібек Дүйсембеков кентке іс-сапармен келіп қайтқан. Десе де, тұрғындар кент мәселесін қағазға тізіп, мамыр айында қайтадан облыс әкімдігіне жолдаған. Арada бір ай өткен соң жауап та келіпті. Тұрғындардың мәселесін облыс әкімінің орынбасары Ербол Әліқұлов қарап, жауап қатыпты. Ол жерде:

– Бүгінде Сұрыптау станциясында 5 бірдей мектепке дейінгі білім беру ұйымы бар. Ал, Жұмысшылар кенті үшін №56 мектептің жанынан 75 орынды балабақша ашу жоспарлап отырмыз. Сонымен қатар, «Днепропская» және «Саялы» көшесіндегі автомобиль жолы қайта жөндеуден өтеді.

Сұрыптау кентіндегі ұзындығы бес шақырым болатын су құбыры желілерінің құрылысына 277,9 млн.тенге бөлінген. Конкурстық негізде өткізілген жобадан «Дәнекер» ЖШС жеңіп, келісімшарт жасалған. Алайда, мердігер шарттық міндеттемелерді орындамауына байланысты біржақты тәртіпте тоқтатылды. Биыл осы жобаның жобалық-сметалық құжатын қайта қарау жоспарлануда. Құжаттамаға түзетулер енгізілген соң мемлекеттік сатып алулар порталына конкурс жарияланады.

Ал, футбол алаңын жөндеу жұмыстарына келер болсақ, мердігер ұйымның кепілдігі бар. Соның негізінде хабарлама жіберілді.

Сонымен қатар, тұрмыстық қатты қалдықтарды, аудандағы рұқсат етілмеген қоқыс полигондарын тазарту үшін электронды конкурстық рәсімдер жүргізілуде. Мердігермен шарт жасасқаннан кейін тиісті шаралар қабылданады, – делінген жауап парағында.



## • КӨКЕЙКЕСТІ

# Кеніші көп, өрісі жоқ кент

Қарағанды облысындағы Дубовка кентінің тұрғындары елді мекен маңында кезекті өндірістік кеніштің пайда болуына қарсы пікірде. Бес жыл бұрын, ауыл маңында көмір өндіруге кіріскенде ұңғымаларда су тартыла бастаған. Енді кәсіпкерлер мұнда балшық өндіруге де ниетті көрінеді.

Ерқанат КЕНЕСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Дубовкада белсенді тұрғындар баршылық, бірақ бұл жиында зал бос. Сәл соңыра келгендер жиналыс туралы кездейсоқ білген. Кеніш Дубовкадан екі шақырым және Ақтас кентінен бір шақырым жерден қазылмақ.

– Су тартылды. Тіршілік көзіне шынмен зәру болып қалдык. Бұл – бір. Алып машиналардың олай-былайғы қозғалысы жақын маңдағы үйлерге кері әсерін ти-

гізеді. Баспанамыз шөгін, не қабырғасы қақырауы мүмкін. Қарап отырсақ, біздің қауіпсіздігімізді елестіріп отырған адам жоқ екен мұнда! – деді Дубовка кентінің тұрғыны Галина Бабаева.

2018 жылы дәл осындай тыңдаулар көмір қарьерін дамытуға қатысты өткен еді. Ауыл тұрғындарының қарсылығына қарамастан, өндіріс ошағы жұмысын кідірместен бастап кеткен. Тұрғындар күдігі расқа шықты. Жақын маңдағы су сарқыла бастаған. Кәсіпорын басшылығы



елді мекенге келер қауіп жоктығына сендіріп баққан. «Аймақты абаттандырамыз» деген уәдесі де бар-тын.

– «Соқыр-Көмір» кенжары ашылғанда өндіріс ошағының басшылығы көгалдандыру жұмысына да мән берілетіндігін алға тартып, ант-су ішкен. Бірақ уәде сөз күйінде қалып қойды. Аз уақыттан соң көгалдандыру жайына қалып өзге қожайын пайда болды. Екі ай өтер-өтпестен келген жаңа қожайын көгалдандыру жұмыстарына уәде бермегендігін айтып ақталды, – деді наразылығын білдіріп, Дубовка ауылдық округінің әкімі Ерғали Кисраунов.

«SERVETSARYARKA» компаниясының басшылығы да ауылға өндіріс зияны кем деген уәж келтіріп әлек. Өндіріс жобасының құжаттағы сипаттамасымен та-

нысқан тұрғындар кент маңында кәдімгі шахта салынатындығын оқып, наразылығын жасырмады. Құжатты әзірлеушілер «Жобаны өзгертіп түзейміз» деді.

– Иә, балшық өндірісіне небәрі 20 метр тереңдік қана қажет. Одан әрі тереңдер мақсат жоқ. Біз қазір 10-15 метр тереңдікте жұмыс істеп жатырмыз, – деп түсіндірді «SERVETSARYARKA» ЖШС коммерциялық директоры Аткен Ахметбеков.

Ал, жобадан 40 метр тереңдік. Өз кезегінде кәсіпкерлер тек жылы мезгілде жұмыс істейтіндерін, сазды шатырмен жабылған самосвалдармен алып кететіндеріне сенімділік. Қарағандыдан тұрғындарға су тасуға уәде берді. Алайда, тұрғындар бұған бәрібір қарсы. Жиынды көзлеген нәтижесіне жетпеді деп тануды талап етеді.

• ШТЕ ПІКІР ӨЛГЕНШЕ...

Зейнеп АХМЕТОВА:

## «Институттың іргетасын босатып алдық»



«...Ата – бала – немере. Бұл институттың іргетасын әбден босатып алдық. Өйткені психолог деген «мықтылар» шықты. Бүкіл елді шарлап, дәріс оқып жүр. Тіпті, «ата-әжеге бала баққызу зиян» деп те жазды. Әрине, немересін жақсы көрмейтін халық жоқ. Бірақ біздің қазақтық басқа.

Ата-әжелер тұңғыш немересін өзінің кенжесі ретінде бауырына салады. Себебі баланың ата-анасы кеше ғана үйленген, қалай тәрбиелеуді білмейді. Сол кезде ата-әже көмекке келеді. Олар әке-шешесін ұмыттырмайды, тек тәрбиелейді.

Сол ата-әженің бауырында өскен балалар ерте есейеді. Оның сөйлеу мәнері, өмірге көзқарасы, адамдармен қарым-қатынасы мүлде басқа. Қа-

зактың небір марғасқалары ата мен әженің қолында өскен. Бір жағынан немере баққан үлкен кісілердің жасы да ұзара түседі. Неге десем, «Осы шырағымның ер жеткенін көрсем» деп армандайды. Сосын мектепке барғанын, оқу бітіргенін, тойын көргісі келеді. Сөйтіп, үміт алға сүйейді.

Психологтар ортадан кірікті де, оның бәрін зиян қылып көрсетті. Қазір көптеген ата-әжелер: «Әкесін бақтым, енді өзім үшін өмір сүргім келеді» дейтін болыпты. Үлкеннің беретін тәрбиесі болмағандықтан, обал мен ұятты жоғалтқандықтан да, қатыгез, ойсыз еліктейтін санасыз ұрпақ жетіліп келе жатыр. Ә дегенде бізде ұлттық идеология жасалмады.

Марқұм Бақытжанның Ата Заң қабылданған күні айтқан бір әңгімесі бар. «Жарайды, Ата Заң қабылданды.

Оны Қазақстанда тұратын барлық ұлт орындауға міндетті. Өйткені сен осы мемлекеттің наным жеп, суын ішіп отырсың. Ал енді ата болған жерде, қалай ана болмайды?» дейді. Мен таңғалып: «Ана заң деген не?» десем, «Ана заң – әрбір ұлттың сан ғасыр сарабынан өтіп келген ұлттық құндылықтары» деді.

Осы сөз үнемі есіме түседі де тұрады. Шынымен де, ана сүтінмен бойға сіңетін «Ана заңы» ескерусіз қалған. Сондықтан неше түрлі имансыздық, тексіздік, қылмыс орын алып жатыр...»

• БІЗДІҢ СҰХБАТ

Кеңес АМАНБАЕВ:

## Отбасы – мейірім қақпасы

«Отан отбасынан басталады». Бүгінде жасы 85-ті алқымдаған Кеңес Аманбаев ақсақал әлі тын. Ол немере-жидерінің қызығына бөленуде. Аяулы жары Төлеу дүниеден озғанына біраз жылдың мұғдары болған. Отбасы күні мерекесі қарсаңында осы отбасынан дәм ауыз тиіп, аз-кем сұхбаттаса кеткенді құп көрдік.

– Ақсақал, алдымен аз-кем өмір жолыңызға тоқталып өтсек...

– Айналайын, мен қарапайым шаруа отбасында өмірге келдім. Кеңес үкіметінің дәуірлеп тұрған шағы. Жастайымнан шопыр болуды көкесп, Қарқаралы ауданында еңбек жолымды көлік тізгіндеуден бастадым. Кейінірек совхоз өміріне етене араласқандықтан еңбегіміз еленді ме екен, ұзақ жылдар бойы Матақ совхозы Ақбұлақ бөлімшесінің менгерушісі болып еңбек еттім. Зайыбым Төлеумен де сонда танысып, ел қатарлы шаңырақ көтердік. Ол кісі ауылда кітапханашы болып жұмыс істеді. Жарым ғасыр өмір сүрдік. Құдайға шүкір...

– Бүгінде өрелі ұрпақ өсірген өнегелі отбасы бұл қалай жетті?

– Несін айтайын, қарағым, біз жиырмасыншы ғасырдың төліміз ғой. Ондағы ғұмыр сүру салты қазіргі күнмен шендестіруге де, теңдестіруге де келмейді. Сіздер бүгін байпағы жамалмаған жаңа ғасыр адамсыздар. Біз барлықтан көрі жоқтықтың мехнатын көбірек тарттық. Тіршілігіміздің мәні еңбек деген бір ауыз сөзге байланды. Сондықтан болар, есіл дертіміз қоғамға бір пайдамыз тиісін деген ниетпен қажырлы харекет ете беріппіз. Ол кезде идеология жұмысы да қарқынды жүрді. Жоспар орындалды. Қазір «аз камтылған», «әлжуаз топ», «көпбалалы отбасы» деген дүниелерді теледидардың көгілдір экранынан көп айтып, жиі көрсетіп жүр ғой. Біздің кезімізде айналадағы адамдардың бәрі де шын мәнісінде көпбалалы, аз камтылған отбасы болатын. Бірақ олар өздерін «әлжуаз топқа» жатқызыбайтын. Барлығымыз коммунизм идеясымен таң атырып, күн бағырдық. Қаншалықты жұпшы тұрсақ, соншалықты пейіліміз кең еді. Қазір қаншалық байысақ, соншалық тарылып кеттік пе екен деген ойға қаламын кейде...

– ...Бір сөзіңізде жарты ғасырдан астам отау құрдық деп айтып отырсыз. Өз биігіңізден пікір білдіріп өтсеңіз. Қоғамда ажырасу көп болып тұр. Себебі неде?

– Біздің заманымызда мәртебелі партияның күш-қарымы орасан еді. Онсыз қурай басы да сынбайтын. Адам да ажыраспайтын. Оған қазағымның туа бітті қажырлығын қосыңыз. Кісі деген кісілігімен де, кішілігімен де ерекшеленіп, әркім өз шаруасынан басқа ешнәрсеге әлектенбейтін. Оған уақыты та жоқ еді. Енді келдік Сіздің заманға. Жастарда қазір мүмкіндік көп. Қаражат та аз



емес. Қалай десек те, бәрі бар тәуір уақыт аралығында ғұмыр кешіп жатыр. Барлық ешнәрсесі үйретейді. Жоктық үйретеді. Мейірім азайып кетті ме деп алаңдаймын. Мейірім нұры саябыр жерде адамдық та, адалдық та, бәрі құрдымға кеткен судай жоқ болмақ. Ашы да болса, айтайын. Қазір адамдар бөдененің әлсіз шөжесіндей жайлылықтың құлына айналды. Ал, құлда құндылық жоқ. Сондықтан оған бәрібір. Қазір ажырасып, адыр асып кете береді. Қаракөздеріміз намыс, ұят, обал, сауап деген қастерлі ұғымдарды серік етпейінше, жат көрініс жалғаса береді. Отбасы – мейірім қақпасы. Осы жағын зейін иелері сіздер де көбірек айтып жүрулеріңіз шарт!

– Жастарға айтар ақыл-келесіңіз болса, мархабат...

– Жастар әділетті болса, өзіне жақсы. Кез келген істе пайдасы тимесе де, зиян тигізбесін. Себебі, зиян тигізбеу – ең үлкен олжа. Отбасында да солай. Өмір деген әркімнің қолтығындағы ілме-себет секілді. Оның ішінде «Бүгін маған, ертең саған» дейтін көзге көрінбес алтын ереже бардай. «Өзім білем, үтігімді төрге ілем» деген пиғылдың астары өте қауіпті. Қос қояндай ұқсас осы мінездің міндері отбасына жан бітirmeй дінкесін құртады. Содан келіп, көп отбасының соры сорпадай қайнап жатады ғой, амал қанша?! Рухани көлеңкемізбен жырғап жасай бермей, отбасы жолында орасан істерді атқара білу керек, азаматтар. Бәрі азаматтарымызға тікелей тәуелді. «Еркек – бас, әйел – мойын» десек те, әйел заты ер азаматына қарап бой түзейді. Сондықтан, ер азаматтар отбасына қамқор, бала-шағасына үлгі болуы тиіс. Ердің қуаты кетсе, әйелдің ұяты кетеді. Азаматтарымыз қуатты, аруларымыз шуақты, балаларымыз бақытты болсын!

– Келелі әңгімеңізге рахмет. Ғасыр жасаңыз!

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Бетті әзірлеген Жан АМАНТАЙ

• ӨЗЕКІ

## Ұлттың басты тұғыры

Адамзаттың өміріндегі тұңғыш мектебі – отбасы. Бұл, әсірелеу емес. Шындық сондай. Ал одан кейінгілері адамның Абай айтқан «толық адам» болуына ықпал ететін факторлар. Негіз – осы отбасынан басталады. Ұяда көрмегенді қанат қатайғанда ешкім адамның жанына байлап бермейді және байлап берген күнде де оны алып әрі ұша алмайды. Бұл – заңдылық. Өйткені, шыр еткеннен бойға сіңбеген соң буын қатып, бұғана бекігенде жұғысты болмайтынын өмірдің өзі көрсетіп келеді. Сондықтан да отбасы құндылығы қазір қоғамда баса мәнді иеленді. Ұлт боп, ұядың төркінінде осы отбасы, ошақ қасы тұр. Отбасының босағасы берік, шаңырағы биік болмайынша, сау қоғам құру мүмкін емес. Қоғамда «толық емес отбасы» деген термин кейінгі жылдары қалыптасып, соңғы уақытта құлаққа сіңісті боп барады. Ұлт үшін қорқыныштысы да осы. Отбасында құндылықтың қадір-қасиетін білмеген бала ертеңгі күні бүкіл елдің қамын жейтініне сенім кем.

Жан АМАНТАЙ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Философия және теология ғылымдарының докторы, профессор Досай Кенжетай отбасындағы құндылықтың орны туралы ұдайы жазды. Ондағы үштік – әке, ана, бала одағының беріктігіне ғалым философиялық әрі діни тұрғыда зер салған-ды. Қазақтың дала философиясына жүгіне отырып, отбасындағы бүгінгі құндылықтарды жіліктеді де. Құндылықтың жалпы адам өміріндегі орнын екішеп берді. Ғалым, құндылықтың өз алдына қазына, қор, тәжірибе, таным екенін айтады. Соның ішінде, ұлт болып тұруда отбасы – басты тұғыр дейді ғалым.

Қазақта «Ата көрген, оқ жоңар, Шеше көрген тон пішер», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің», «Кішіге ізет, үлкенге құрмет», «Атаға не қылсаң, алдынан сол келеді», «Туғанында көрмеген, өлгенінде жыламайды», «Әкеге қарап, ұл өсер, шешеге қарап, қыз өсер», «Қызым үйде, қылғы түзде» деген сияқты көптеген өлшемдер бар. Осы өлшемдерге қарап отырсаңыз, бар мәселе отбасынан басталады екен. Ұлт тіршілігінде,



болашағында отбасы ең – басты тұғыр.

Осы тұғыр ата, әже, әке, шеше, аға, іні, әпке, қарындас, жеңге, келін, жезде, күйеу, нағашы, жиен, құда, туыс, туағат, жекжат болып кете береді. Аталған алғашқы он тұғыры отбасының ішкі қабаты да қалғаны сыртқы қабатын құрайды» дейді ғалым. Міне, осы қабат-қабат қаттама құндылықтардан көз жазу – адамның өзінен көз жазумен пара-пар.

Жалпы, жесірін қаңғыртпаған, жетімін жылатпаған қазаққа ба-

тыстың бейәдеп әдеттері әуелден жат еді. Бұл – жібекке жамау жапсырғандай кеп. Дегенмен, заман өзгерген соң адам да өзгерді. Содан да болар, құндылықтардың салмағы азайып, таразысы талай тартыста тең түспей жүр.

Ашық ресурстардағы деректерге жүгінсек, ондағы мәліметтер отбасылық өмір салтының құлдырап, құнсыздануы жалпы әлемдік тенденция екенін айтады. Алғашқы ондыққа енетін елдердің басым бөлігі экономикасы дамыған Еуропа елдері екен.

• АЯЛЫ АЛАҚАН

## Нұрын төккен жүрек

«Жетім көрсең, жебей жүр» деген аталы сөздің мән-мазмұны терең. Тіршілікте түрлі тағдыр неси бар. Болса да, олардың бәрі бақытқа лайық. Тағдыры бөлек балаларға әсте өз анасындай мейірім сыйлап, өз әкесіндей қамқор болу – екінің бірінің қолынан келе бермейді. Өзгеге жылу сыйлап, өз бағын жайқалтқан отбасылар көп. Біз бүгін көпке үлгі болған осындай отбасы – бір үйдің алты баласын асырап, қанатының астына алған Катаевтар отбасы жайлы айтпақыз.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Еркебұлан Катаев жекеменшік ұйымда, ал Айзат Қалымжанова ағылшын тілі пәнінен репетитор болып жұмыс істейді. Екеуі де кенді өңірдің тумасы. 2011 жылы отбасын құрып, болашаққа қадам басады. Ортақ некеден Айгерім мен Елнар есімді балалары дүниеге келеді. Бүгінде Еркебұлан мен Айзат – сегіз баланың ата-анасы болып, көпбалалы отбасыға айналды. Туған балалары болса да, 2020 жылы бір отбасының алты баласын асырап алады. Өйткені, олар қиын жағдайға тап болған балалар еді. Осыдан үш жыл бұрын анасы қайтыс болғанда, балалар бірден Қарағанды облыстық көмектете толмаған балаларды бейімдеу орталығының қамқорлығына өткен.

Кейін Айзат Қанатқызы мұндай оқиганы таныстары арқылы естіп-білген соң, оларды асырап алуға бел буады. Сөйтіп, құжаттарды дайындап, бейімдеу орталығынан бала асырап алу туралы 2 апталық курсынан өтеді. Алты бала «Таңшолпан» балалар үйіне өтіп, осы жерде екі ай тұрақтайды. Осылайша 2020 жылдың 22 желтоқсанында Еркебұлан Ката-



ев пен Айзат Қалымжанова оларды қамқорлыққа алып, жаңа өмір сыйлайды.

«Балалардың бәрі мұндай шешімді оң қабылдады. Қазір барлығы бірдей тату-тәтті өмір сүруде. Әр перзенттің орны – отбасы. Сондықтан, біздің отбасымызда өсіп-өнгенін қаладық. Оларға әшідайым қатарынан қалдырмай, ешкімнен бөліп-жармай, мейірім мен қуаныш сыйлағымыз келеді», –

дейді Айзат Қанатқызы.

Бүгінде Катаевтар отбасына Руслан, Дамир, Ислам, Даяна, Адәлина, Әнуар есімді балалар келді. Белосоховтардың алды 18 жаста, ең кішісі 5-те екен. Бұл балалар спортты серік еткен. Руслан мен Дамир бокс бойынша спорт шеберіне кандидат, ал 14 жастағы Ислам грек-рим күресінен спорт шеберіне кандидат екен. Бүгінде ол Ә.Молдағұлова атындағы маман-

Зерттеушілер, тіпті, дәстүрлі құндылықтарын берік ұстанатын мұсылман елдеріне де бұл индеттің кең тарай бастағанын айтады.

Қайта әлемдегі ең дамыған елдің қатарына ене отырып, өз салты мен дәстүрін, рухани құндылықтарын, отбасындағы мәдениетін сақтап отырған Жапония, Оңтүстік Корея сияқты елдерге еліктегеніміз жөн болар. Қандай бай, қаншалықты биік дәрежеде тұрса да, иіліп сәлем салып тұрған, жымнып байсалдылық танытқан жапондық, не корей азаматын көріп тұрып, таң қаласың» деп дабыл қаққан еді кезінде халық қалаулылары. Ол дабыл әлі жаңғырық күйінде.

Мына іргедегі ала тақиялы көршілеріміз өзбектерде некенің бұзылуы 10 пайыздан ғана аспайды екен. Тұрмыстың тауқыметін тартып жүрген елдің бірі осы. Халқы шет ел асып, тамақ асырап кететіні мәлім. Отбасын асырау үшін. Бірақ сонда да ажырасу өте төмен. Сол жақтағы ағайындардың айтуынша оларда тұрмыс-тауқыметінен бұрын ар-намыс, ұрпақ тағдыры маңыздырақ екен. Бізде ше?! Ойланатын жағдай. Көйлегіміз көк, қарын тоқ болса да, әйтеуір, шаңырақ шайқалу жиі.

Әр елдің бұл мәселенің алды алу үшін қоғамдық деңгейде көтерген бастамалары мен мемлекеттік бағдарламалары бар. Бұл – шаралардың басым бөлігі отбасыларға көсібі деңгейде психологиялық кеңес беріп, көмек көрсете алатын орталықтардың санын көбейтіп, сапасын көтеруге бағытталды екен. Ал біздің елде осындай отбасылық орталықтар бар ма? Бар болса, сол орталықтар жұмыла көтеретін жүк – осы.

дандырылған спорт-мектеп-интернаттыңда 8-сынып оқып жатыр. Балалардың үлкені – Руслан мен Дамир студент. Бірі – Ә.Молдағұлова атындағы мамандандырылған спорт-мектеп-интернаттыңда II курс, екіншісі Қарағанды политехникалық колледжінде I курс оқиды. Ал кішілері мектепте.

«Сегіз баланы бағып-қағу

отбасы иелеріне қиынға соқпай ма?» деп сұрағанымызда: «Барлық қиындықты өзіміз еңсереміз. Балалардың әрқайсысы мемлекеттен 10 АЕК көлемінде жәрдемақы алады. Біздің еліміз мұндай отбасыларды қолдап, ең алдымен, балаларға көмектескенін қалаймын» деп жауап берді кейіпкер.

Балаларға мейірім сыйлаған жүрек иелерін әсте көптің құрметтеуі керек-ақ.



• ҰЛТ ПЕН РУХ

# Қоршаған орта

## Серік АҚСҰҢҚАРУЛЫ

### Нокай

Жары мен баласы автопатқа түскен бір аяулы азаматтың дастарханында отырмыз. Қызметі дардай бір тілші:

– Қатын өлді – қамшының сабы сынды! Саған үйлену керек енді? – деп қалды. Жас жігіттің көзі бадрайып кетті... Біз де ыңғайсызданып қалдық – өзіміз осы сөзді мына топастың аузына салдырғандай?! «Бас екеу болмай, мал төртеу болмас» – десе жетер еді ғой? Сөздің дәмін сезбейтін нокай өстіп ұятқа қалдырды.

Сол қазір қазақ әдебиетіне жөн-жоба көрсетіп жүр...

### Сәбиттің өзін-өзі әшкерелеуі

«...Әуезов жолдастың Шәкәрім бандит боп өлгеннен кейін де оған мейірімді көзбен қарауы, ең жеңіл тілмен айтқанда ұят... Осындай жолда өлген адамды да 1951 жылға дейін Әуезов жолдастың, оны қуаттап, Жиреншин мен Мұхамедханов жолдастың дәріптеуіне қайран қалдым...» (Сәбит Мұқанов, ФБ)

### Алла мен ақын

Ақын болсам дейтін адам ең әуелі Пушкиннің «Ақын мен тобыр» деген жыр жатқа оқу керек. Поэзия – Құдаймен сөйлесу! Дантеңнің «Тәңірінің тәлкегі» – жұмыр басты пенде мен Алланың арасындағы диалог. Тобырға Дәлдүрші қандай керек болса, Халық та Ақынға сондай зәру! Дәлдүрші Тәңірімен сөйлесе алмайды. Пендеммен сөйлеседі... Пенденің тілін тауып, пендені Тәңірге теңеп, марапаттайды, өзінің хайуандығына, өзі маз болып, өзге хайуанды соған тәңті етеді...

Олжас, ел не десе о десін, біздің заманымыздың ұлы ақыны: «Поэт красивым должен быть как Бог, Кто видел Бога? Тот, кто видел Пушкина!» деген! Мұқағали Пушкиннің Мәскеудегі ескерткішіне қарап тұрып: «Ақынның ақындығы атақта емес, Ақынның ақындығы – арда ғана!» дейді!

### Алтын айдарлы ұлдар-ай!

Екінші дүниежүзілік қырғын төмамдалар тұста Сталин Черчилль мен Рузвельтке неміс интеллигенциясының беткеустарының бәрін қырып тастауды ұсынған.

– Неге?! – деді Уинстон Черчилль зәресі ұшып.

– Немістер сонда елу жыл бойы бас көтере алмайтын болады!

Ұлтты тұқыртып, оның түбіне жетудің бірден-бір жолы – сол елдің зиялыларының көзін жою екен! Қазақ ол өткелектен де өтті. Отыз жетінің репрессиясында қазақ халқының жақсысы мен жайсаңы қырылып қалды!

Қайран, алтын айдарлы ұлдар-ай!

Ел боламыз десек, қазақтың алтын айдарлы ұлдарын төбемізге көтеріміз керек!

### Сталин мен Грузин ақындары

Сталин де өлең жазған. Отызыншы жылдары грузиннің бір топ әдебиетшілері Сталинге:

– Біз сіздің өлеңдеріңізді өзімізге үлгі ғып алғанбыз, – дегенде, Сталиннің не айтқанын білесіз бе?

– Онда грузин поэзиясының күні батқан екен! – депті.

### Құдайдың құлы

– Имам! – депті мұриттерінің бірі Шәмшілге. – Осы біз не үшін соғысып жүрміз?!

– Пенденің емес – Құдайдың құлы болу үшін! – депті Имам.

...Біздің қазақ 300 жылдай пенденің құлы болды. Сұмдық қой – бұл!

### Ұлттық журналистиканың уытты өкілі

Қазақ жырының түбін қазсаң, екі мың жылдыққа сапар шегіп кетесің. Ол осы дүниедей кәрі һәм осы дүниедей өндіріс жас қалпында тұр. Қазақ журналистикасы – қазақ көсемсөзінің қолына қамшы ұстап, атқа мінгеніне аз ғана уақыт, санаулы жылдар өтті. XIX ғасырдың аяғында туып, XX ғасырдың басында қалыптаса бастаған ұлттық сыншыл ойымыздың ескі парактарың ақтарар болсақ, қолға сарғая бастаған «Дала уәлаяты», «Қазақ» газеттері мен «Айқап» журналдарының тігінділері ілігеді. Бір аяғы көрде, бір аяғы жерде қалың ұйқы құшағында жатқан сайын Сахараға «Оян, қазақ!» деп айқай салған Алаш арыстары – Ахмет Байтұрсын, Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дула-

тов, Жақып Ақпайлардан бастау алатын ұлттық журналистикамыз кейіннен Мұхтар Әуезов, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Қадыр Тайшықовтармен қайта түрленіп, бергінде Баубек Бұлқышев, Камал Смайыл, Шерхан Мұртаза, Нұрмахан Оразбек, Сейдахмет Бердіқұл, Марат Қабанбай, соныға бет алып, сонарға із салып еді. Сол ұлттық журналистикамыздың



асау толқынының жуан ортасында тұрған талантты да, қанатты бір өкілі – Жұматай Сабыржанұлы.

Бізде «балағында биті бар», қолына қалам ұстаған қазақ баласының көпшілігі ҚазГУ-дің журналистика факультетіне түсіп, қара танып алады да, өз мамандығын өзі місе тұтпай, ақын болып, айды аспанға шығаруға, жазушы болып, жаһанға жар салуға құмар-ақ. Мұның бәрі біздің ұлт болып, үйі алмай жатқанымыздың бір белгісі сықылды. Нанбасаңыз, тұрмыс-салты бізден гөрі жөн-түзу, ой-өрісі бізден гөрі озықтау Батысқа қараңыз. Бұл елдерде ұлттық журналистика – мемлекеттік көсем ой – «төртінші билік» сапында тұр. Тәңірімен тайталасамын деп, жұмақтан қуылған Адам ата-Хауа ана үмбетіне бір тамшы дөңді жерден ар-ұятымен теріп жеп, көргенді ел, көшпелі мемлекет болу үшін не керектігін көктен түскен төрт кітаптан кейін көзге шұқып көрсететін әр елдің өз көсемойы – көсегесін көгертер журналистикасы болуы керек-ті.

Жұматай Сабыржанұлы журналистиканың өзгеше бітім-болмысын өзге әріптестерінен гөрі ертерек аңғарған екен. «Басын ашып алатын бір жай, мен сатирик емеспін», – дейді ол. – Осылай деп талай айттым жігіттерге. «Скромничать» етіп отыр деп жүре тындайды. Бір қызығы ... «сонда кімсің?» деп ешқайсысы сұра-

майды. Сонсоң өзіме-өзім сұрақ қойып, жауап беруге тура келеді. Мен – шамасы жеткенше ширатып жазуды жаны сүйетін, өмір құбылыстарына сын көзбен қарауға дағдыланған, мінезді... журналистпін». Осыдан артық та, кем де баға бойыма жүкпас, сірә. Қазір берілгенмен, кейін алынып тасталады...»

Әдемі сөз! Мұны ол әдебиетті менсінбей, көсемсөздің беделін көтеру үшін айтып отырғаны жоқ. Бұл – өзіміздің Асан қайғы, Абайдан бастап, өзгенің Гомер, Шекспир, Гете, Пушкиндерін құрандай құмартып оқып, құдайдай пір тұтқан ауыздан ғана шығатын лебіз!

Аудандық газеттен бастап, астаналық басылымдарға дейін қалам сілттеген Жұматай Сабыржанұлы бүкіл ғұмырын баспасөзге бере салған қаламгер десе болады. Көргені көп, көңілге түйгені де соған жетекабыл. Есіп-дерті елдің қамы. Қай туындысын оқысаң да, Алаш үшін шырылдап, Адам үшін аттан салатын, «намыстан өлген кісінің немересі» алдыңнан шығады. Тілі – удай. Қазақты бодан қылған тоталитарлық қоғам, «басында ми жоқ, өзінде ой жоқ, күлкішіл кердең надан», «көп айтса – болды, жұбай айтса көнді, әдеті жаман адамның» (Абай) оны әбден ашындырған. Күйдірген. Өртеген... Тілінің ащы, мінезінің құйын болатыны содан.

«Өкпелесең, өзін бил» – бүгінгі қазақ қоғамының болмыс тіршілігінің шынайы көрінісі. «Жаманға айтсаң белді, қамшымен тартсаң тіледі» деген аталы сөз! Ел болып, бесігімізді түзейміз десек, бізге ұяла білу керек, қызара білу керек. Ең әуелі сол елге үлгі көрсетіп, ақыл айтатын қаламгер қауым өзінің бүгінгі қит мініп, ирек қамшылаған тірлігінен ұялғаны жөн болады. Жұматай Сабыржанұлының бұл кітабын университет-академиялардың журналистика факультетінде оқулық ретінде оқыту керек! Қазір қазақ баспасөзінде кеудесі аяққаптай болып, ұлтының сөзін жер асты қылып, өзінің пенделік пығылын қоғамдық пікірге тықпалайтын, қарны жер сызған «қаламгерлер» қаптап барады. Жазған-сызғандарының сырты – «ұлттық», іші – пендеуи, елді ірітіп, жерді шулағып жүреді.

Батыс елдерінде біз сықылды қолдан журналист дайындау үрдісі деген жоқ. Кім, мейлі ол экономист, мейлі философ, театр сыншысы ма, жоқ, әлде мәдениеттанушы ма, кім болса, ол болсын, ортаға салар ордалы ойы, аталы сөзі болса, сол кісі журналист болып, төртінші билікті қолға алуға хақылы. Бізде, әзірше, мұндай тірлік жоқ, һәм оның таяу аралықта бола қалар қарасы да көрінбейді. Сондықтан,

ең құрығанда, тәуелсіздікке тәу еткен тұста бұрынғы қалыптасқан қасан қағидаларды белден басып, қазақ баспасөзінде соны белеске шығып келе жатқан Жұматай Сабыржанұлының қалам сілтесіне қарап, ойланғанымыз ләзім. Сонда «сірескен социалистік стиль, ормандай орысша оралым, тон танымға толы қобыраған қоға газеттерден» (214-бет) құтылып, қолына төртінші билікті ұстаған баспасөзбен үзенгі қағысуға болады.

Журналистика – ұлттың ой-сөз шебері, ол бесіктің ою-өрнегінен бастап, бейіттің күмбезіне дейін көз салуға тиіс. Ұлттың көсемсөзі ұлттың уызын қанып ішіп, әлемдік руханияттың қазанында қайнап шықса, тобыр – Халыққа айналып, Тұлға босағада отырмай, төрге шығады. Жұматай Сабыржанұлы Пушкиннің поэзиясы мен Толстойдың романдары Ресейді қандай биікке көтеріп шықса, Белинский мен Гершеннің сыншыл ойы да сол елді соған жетекабыл шыңға алып шыққанын сұңғылалықпен сезінген-ді.

Жұматай!  
Бұл дүние жалған екен,  
Абылай, Абайдан да қалған екен.  
Үзілген Алашымның алтын жібін,  
Қазақтың қай баласы жалғар екен?!

Жүрегі құсалы құс – мен де көктің,  
Жүз рет жерге құлап, жөнге кеппін.  
Ахмет, Міржақыптың соңындағы  
Соңғы бір тұяғы едің –  
Сен де кеттін.

Құл туса –  
Жүреді де болғандай боп,  
Ұл туса –  
Туады ылғи сор маңдай боп.  
Алаш деп Торғайдан кеп Астанаға,  
Шырылдап сен де кеттің торғайдай боп!

Алашқа Алла өзі ырымдаған,  
Бозторғай көгім де – алаң, қырым да – алаң.  
Артында Алаш пенен Торғай қалды,  
Бозторғай қалды, сонсоң,  
Шырылдаған.

Алашын – Алтын Орда – үйің еді,  
Дүрлігің тұр несіне дүйім елі?  
Дүниеге жылап келіп, бозторғайым,  
Мысқылдап кеттің сол бір дүниені.  
Алашын ғұмыр кешкен азапшпенен,  
Аллаға бармас енді мазақпенен,  
Сен кеттің, сенің күлкің қалды, бірақ,  
Оспанхан дейтін ұлы қазақпенен...

### Зор мен қор

Ұлты зор тұтқан тұлғалардың соңына өзін қор тұтқан мүсәпірлер түседі...

# Қоянды жәрмеңкесі тарихының кейбір мәселелері

XIX ғасырдың екінші жартысында Ресейдің капиталистік өнеркәсібі мен Қазақстандағы ауылшаруашылық өндірісі арасындағы қатынас күшейді. Сауда мен өсімқорлық капитал Ресейдің орталық губерниялары мен Қазақстан арасындағы ғана емес, сонымен бірге өлкенің өз ішінде де тауар айналымының өсуін тездетті. Қазақ шаруашылығының рынокпен байланысының өсуіне патша өкіметінің саясаты зор ықпал жасады. Қазақтарға ақшалай көптеген салықтардың салынуы, олардың өнімдерінің бір бөлігін рынок арқылы саудаға салуға мәжбүр етті. Мал мен астық барған сайын тауарға айналды.

1870-1880 жылдарда Ресейде фабрикалық тоқыма өндірісінің шапшаң өсуімен байланысты Қазақстан базарларына Ресейден мата көп келетін болды.

XIX ғасырдың екінші жартысында Ресейге мал шаруашылығы өнімдерін жеткізу шапшаң өсті. Жылда жазда тек Сарысу уезі арқылы ғана Ресейдің орталығына Ақмола, Қарқаралы және Сарысу уездерінен 60 мыңға тарта ірі қара мал және 200 мыңдай қой айдап апарылды (Қазақ КСР тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. Т.3. Ал., 1982. 302 б.). Көптеген мал мен шикізат Семейдің, Петропавлдың, Оралдың, Орынбордың қасапханаларында былғары, тоң май, тері илеу, сабын қайнату зауыттарында өңделіп, тон, аяқ киім ретінде қайта оралып отырды. Қазақ халқы айырбас шартының қандайына да келісуге мәжбүр болды. Өйткені, ол қажетті тауарларды еш жерден сатып ала алмайтын еді және шаруашылығының артық өнімдерін тиімді өткізе алмады.

Ресей саудагерлері Қазақстанда сауданы жаңа түрі – жәрмеңкелік сауданы енгізді. Қазақстандағы тұңғыш жәрмеңке 1832 жылы Бөкей ордасында Хан ордасы қанынан ашылды. Кейіннен Ақмола облысы Тайыншақөл (Петропавл маңында), Константиновск (Ақмола), Петровск (Атбасарда) және 50-ден астам ұсақ және орташа жәрмеңкелер жұмыс істеді.

Реформадан кейінгі кезеңдегі ең ірі жәрмеңке – Қоянды жәр-



меңкесі немесе оның негізін қалаушының есімі бойынша Ботов жәрмеңкесі 1848 жылы құрылып, Қарқаралыдан 52 шақырым жерге орналасты. XIX ғасырдың 80 жылдарына дейін 25 мамырдан 25 маусымға дейін, ал 1882 жылдан бірінші маусымнан бірінші шілдеге дейін жұмыс істеді. Екі шақырымға дейін алқапты алып жатты. Ялуторов көпесі Варнава Ботов Талды өзенінің Қарасор көліне құятын сағасына жақын жерге, Токпан тауының бауырындағы кең жазыққа өндіріс бұйымдары тиелген керуенін тоқтатып, еру жасайды. Мақсаты – Қызылжар базарына мал айдап бара жатқан қазақтардың алдын тосып, олар үшін қат дүниелерді тірі тауарға айырбастау болатын. Қоянды жәрмеңкесінің қарыштап дамуына бірнеше қолайлы жағдай әсер етті.

Ең алдымен, ол Семей губерниясының сыртындағы Қарқаралы оязының теріскей бетінде орналасты. Оған Ақмола облысының, Торғай өңірінің шаруалары еркін қарым-қатынас жасай алатын. Екіншіден, сол кездегі мол сулы Талды өзені жер қайысқан малды шөлден тарықтырмауға еркін жететін. Оның үстіне, саудаға түскен ауыл шаруашылығы және тау-кен өнеркәсіп шикізатын Ресейдің еуропалық бөлігіндегі кәсіпорындарына жеткізуге өте қолайлы Қарқаралы-Керекү көлік жолы Қоянды жәрмеңкесінің үстін басып өтетін-ді. Осының нәтижесінде, әңгіме болып отырған сауда орны тауар-ақша айналымы бойынша қазақ жеріндегі ең ірі базарға айналды және уақыт өткен сайын үдемелі түрде ұлғайып отырды. Варнава Серафимович Қояндыда

бырасын безеп: «Базарың құтты болсын, ардақты елім, Қоянды ту көтерген думан жерім. Қарқаралы, сұлу Көкше – жер шоқтығы, Сарыарқа – алтын асу, асқар бөлім», – деп жәрмеңкені онмен ашады екен. Ондағы думанға атақты қобызшы Ықылас Дүкенұлы, белгілі күйші Тәттімбет Қазанғапұлы, әйгілі ақындар Жанақ, Шөже тәрізді неше түрлі өнерпаздар жиналатын болған (Ләмбеков С. Қоянды жәрмеңкесі. «Егемен Қазақстан». 1998.18 тамыз.). 1869 жылы Қарқаралы уездік әкімшілігі Қоянды сауда орнын ресми жәрмеңке ретінде тану жөнінде қатынас жолдады, ол 1869 жылдың 9 қыркүйегінде «... өзін ұйымдастырған Ботовтың құрметіне аталсын» деген нұсқаумен Батыс Сібір басқармасы тарапынан бекітілді. Қоянды жәрмеңкесінің сол кез үшін қан-

шалықты маңызды болғандығын мынадан да аңғаруға болады. 1875 жылдан бастап, сауда қатарларының жоспарсыз салынуы етек алды. 1876 жылы 16 дүкен мен 120 киіз үй болса, 1883 жылы ол – тиісінше 110 және 205-ке, ал 1890 жылы 247-ге және 1000-ға жетті. 1885 жылы жәрмеңкенің жанынан почта бөлімшесі ашылды. 1889 жылы Қарқаралыдан телеграф желісі тартылған. 1894 жылы Мемлекеттік банктің бөлімшесіне арнайы үй салынып, жұмыс жасай бастаған. 1900 жылы 30 дүкен, 276 балаған, 707 киіз үй, айналым қаржысы 1669,9 мың сом болды. Қоянды жәрмеңкесін арнайы құрылған комитет басқарды, оның құрамына әкімшілік өкілдері мен көпестер кірді. Жәрмеңкеде орыстардың дүниесі мен өзбектердің өрік-мейзінен басқа Сібірдің бұлғаны, қытайдың жібігі, қазақтың киіз үй жабдығы, Көкше керейлері әкелген ағаш төсектер, қырғыздың күміс ері тәрізді күнделікті тұрмысқа керекті бұйымдардың бәрі болған. Қоянды жәрмеңкесінде жыл сайын саудаға 200 мыңнан астам жылқы, ірі қара, қой мен ешкі 60%-ы Жетісудан, 31%-ы Орталық Қазақстаннан, 7%-ы Қытайдан әкелініп тұрды. (Қарағанды. Қарағанды облысы: Энциклопедия. Ал., 2006. 380 б.). 1910 жылы Қоянды жәрмеңкесінде 1,042 миллион сомның пұлы, 13,6 мың сомның ыдыс-аяғы, 324 мың сомның шайы, 58,8 мың сомның қанты, 61,7 мың сомның темірден жасалған заттары, 162,4 мың сомның былғары тауарлары, 8 мың сомның тері бұйымдары, 8,5 мың сомның ұны – барлығы 4 миллион сомның тауары сатылды, сауда айналымы 1913 жылы 4 миллион 454 мың сомға жетті, ол кезде ірі қойдың құны 2-3 сом болғанын ескерсек, мұның өзі қыруар байлық екенін аңғару қиын емес (Ләмбеков С. Қарқаралы. 2011. 78 б.). Қазан төңкерісінен кейін Семей облыстық Кеңесінің атқару комитеті 1918 жылғы 13 мамырдағы қаулысымен жәрмеңкені Қоянды деп атап, оны Кеңес өкіметінің қарамағына беру және сауданы маусымның басынан шілденің



басына дейін жүргізу жөнінде шешім шығарды. 1923 жылы «Қоянды» жәрмеңкесі қайтадан ашылды, «Береке» атты кооперация ашылды. Бұл істің басында Семей губерниялық атқарушы комитетінде қызмет атқарған Мұхаметқали Тәтімов, Уғар /Мұқатай/ Жәнібеков, Нығмет Нұрмаков болды. 1928 жылы жылжымалы кинокондырғы, оқырман залы бар кітапхана, балалар алаңы жұмыс істей бастады. Радиолаңдыру жүргізілді. Семейде шығып тұрған «Степная правда» газетінің «Ярмарочный вестник» атты қосымшасы жарық көрді. Қоянды жәрмеңкесі ақындардың, палуандардың, халық циркі артистерінің өнер алаңына айналды. Мұнда Абай бірнеше рет болды. Өміре Қашаубаев, Қали Байжанов, Ғабас Айтпаев, Иса Байзақов, Майра Уәлиқызы ән шырқап, Қажымұқан Мұнайтыпасов күш өнерін көрсетті. Зәрубай Құлсейітов пен Омар Әбдиев (Қара Омар), Қалибек Қуанышбаев сияқты акробат, сиқыршылар халықты рухани қуанышка бөледі (Қазадауысты Қазыбек би. Энциклопедия. Қар., 2011. 275 б.). 82 жылдық тарихы бар Қоянды жәрмеңкесі 1930 жылы жабылды. Бір ауыз сөзбен айтар болсақ, қазақ мәдениетінің өркен жаюына, оның үздік үлгілері әлемнің бірегей туындыларымен үндесуіне Қоянды жәрмеңкесінің қосқан үлесі өлшеусіз.

Ерғазы ҚАДАШҰЛЫ,  
тарихшы

• БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

# «Тілім менің – тірлігімнің айғағы»

Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжінде «Тілім менің ғасырларға аманат» тақырыбында Қазақстан халқы тілдері күніне орай мерекелік кеш өтті. Қазақстан халқы тілдері күні 2018 жылға дейін 22 қыркүйекте аталып өтетін. Қазір 5 қыркүйекте. Ойткені, 5 қыркүйек – қазақ халқының тағдыры мен тілі үшін күрескен Алаш арысы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күні. Міне, осы себептен 2018 жылдан бастап, Қазақстан халқы тілдері күні қыркүйектің бесінші жұлдызында мерекеленеді.

алғашқы журналист, педагог, идеолог, ғалым деп ұлы тұлғаның сан қырын сипаттап кете беруге болады. Бірақ, бұлардың арасында бәрінен де биік тұратыны – ол Ахмет Байтұрсынұлының ғалымдығы. Әдебиеттану ғылымының негізін салған, теориялық ілімін қалаған ғалым, тіл реформато-

пәні мұғалімі Ербұлан Мақатай. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тіліне, әдебиетіне, журналистикасына, мәдениетіне қосқан үлесі жайлы және қайраткерлігі мен іскерлігі хақында колледждің қазақ тілі және әдебиеті бөлімінің студенттері жекелеп жоба дайындап, оқырман

Жәлел ШАЛҚАР,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Кеш қоңақтары ХХ ғасырдағы қазақ қоғамының дамуы мен жалпы қазақ елінің қалыптасуы жолында Ахмет Байтұрсынұлының алатын орнына тоқталды. Туған тіл тақырыбындағы қазақ ақындарының жырларын жатқа оқып, өз өлеңдерін жұрт назарына ұсынған колледж студенттеріне жылы лебізін білдірді.



Тіл – қандай ұлтта, елде болмасын әрқашан қастерлі де құдіретті. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге сипіп, қалыптасады. Тіл – әрбір елдің жаны. Соның ішінде қазақ тілі – атадан балаға жеткен ұлы құбылыс. Ол талай тарих сынынан өтті. Ғасырлардан-ғасырларға сүрінбей жетті. Дүние жүзіндегі ең бай, бейнелі, таза, өткір, терең, кең тіл ретінде саналады. Қазіргі таңда ана тіліміз жан-жақты зерттеліп, уақыт талабына сай ғылыми үлгіде жүйеленді. Қазақ тілі – қазақ халқының ұлттық игілігі

болумен қатар, әлемдік тіл білімі зерттеушілерін қызықтырған көне тарихы бар, кемел тіл ретінде танылуда. Ахмет Байтұрсынұлы 1926 жылы «Әдебиет танытқыш» атты іргелі еңбек жазды. Мұнда көркемөз өнерінің табиғаты, сыры, мазмұны, ерекшеліктері, жанрлары, жаңа терминдер, ұғымдар жайлы жан-жақты зерттеулер, тұжырымдар сөз болған. Осының бәрін шәкірттерге үйретіп келеміз, – дейді шараны ұйымдастырушы, колледждің қазақ тілі мен әдебиеті

назарына ұсынды. Сонымен қатар, Ахаңның өмірі мен шығармашылығынан сыр шертетін бейнежазба көрсетілді. Бұдан бөлек, колледждің ұлағатты ұстаздары да Ахаңның сан қыры жөнінде әңгімелеп, студенттердің сұрағына жауап берді. Тын деректермен бөлісті.

ҚАРАҒАНДЫ

• «ЖАУЫНГЕРЛІК ДОСТАСТЫҚ – 2023»

## Әуе қорғанысы мығым

Қазақстанда әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлері мен әскери-әуе күштері бөлімдері және бөлімшелерінің «Жауынгерлік достастық-2023» оқу-жаттығы «Сарышаған» полигонында өтті. Аталмыш шараға Қазақстан әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлерінің жауынгерлік есептері, сондай-ақ әскери авиация қатысты.

құралы «Тор-М2» зениттік-зымырандық кешенді сынақтан өткізді. Жауынгерлер сондай-ақ, шартты түрде жараланған қаруластарын өздерімен бірге ала кету операциясын сауатты жүзеге асыра алды.

Мұндағы мамандардың мәлімдеуінше, бұған дейін Қазақстанның Әуе қорғанысы күштері жауынгерлік әзірліктің жоғары сынынан өткен. Әскери бөлімдер марш, оқу-жаттығу өткізу ауданына көшіруді орындаса, авиация – жедел аэродромдарға ұшуды жүргізген. Қазіргі уақытта әуе шабуылына қарсы қорғаныс пен авиация әскерлері топтарының бірлескен жауынгерлік іс-қимылдарын жүргізу тәсілдері пысықталуда.

Айта кетейік, төрт кезеңнен тұрған «Жауынгерлік достастық-2023» оқу-жаттығуына 1000-нан астам әскери қызметші қатысып, ҚР ҚК ӘҚК әуе қорғанысы әскерлерінің 400-ге жуық арнайы жауынгерлік техникасы және истребительдер, тікұшақтар және пилотсыз ұшу аппараттарын қоса алғанда, 30-дан астам авиациялық техника жұмылдырылды.

Суретті түсірген  
Думан ЖҰМАШҰЛЫ

Нұрлос КӘРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Шара мақсаты – еліміздің әуе шебіндегі Әуе қорғанысы күштері экипаждары мен жауынгерлердің шеберлігін шындап, әскери кезекшілік дайындығын жоғарғы деңгейге көтеру. Оқу-жаттығу кезінде ұшқыштар жақын, орта және алыс қашықтықтағы «әуе-әуе», «әуенің жоғарғы қабаты» санатында басқарылатын заманауи зымырандар мен әртүрлі калибрлі зымырандарды кеңінен қолданды. Қазақстанда биылғы жылы қолданысқа енгізілген әуе шабуылына қарсы қорғаныстың ең жаңа



«Қазэнергоцентр» ЖШС

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу Комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті, мекенжайы: Қарағанды қ., Костенко к-сі, 6-үй, (тел. 42-67-00, 41-18-27, сайт <https://www.gov.kz/memleket/entities/krem>) Ақтоғай ауданы, Топар кенті, Молодежный кенті, Қарағанды облысы Қарқаралы қаласы өңірлерінде «Қазэнергоцентр» ЖШС электр энергиясын бөлшек саудада өткізу қызметтерінің шекті бағасын арттыру туралы ақпаратты қарау бойынша Жария тыңдаулар өткізеді.

Ұлттық экономика министрлігінің 2017 жылғы 1 ақпандағы №36 бұйрығымен бекітілген қоғамдық маңызы бар нарықтардағы баға белгілеу қағидаларына сәйкес, қоғамдық тыңдаулар мына мекен-жайлар бойынша өтеді:

№	Күні	Уақыты	Мекенжайы
1	19 қыркүйек 2023 жыл	12.00-де	Ақтоғай кенті, Бөкейхан көшесі, 2-үй, «Ақтоғай мәдени-демалыс орталығы» КМҚК
2	20 қыркүйек 2023 жыл	11.00-де	Топар кенті, Қазыбек би көшесі, 5-үй, «Энергетико» мәдениет үйі
3	21 қыркүйек 2023 жыл	11.00-де	Молодежный кенті, Абай көшесі, 13-үй, әкімдік ғимараты
4	22 қыркүйек 2023 жыл	12.00-де	Қарқаралы қаласы, В.Рей көшесі, 50-үй, «Балалар-жасөспірімдер шығармашылығы орталығы» КММ

Facebook әлеуметтік желісі арқылы онлайн режимінде (<https://www.facebook.com/dkrem.krg>) Департаменттің байланыс телефоны: 8 (7212) 41-34-20. «Қазэнергоцентр» ЖШС байланыс телефоны: 8 (7212) 25 82 15. Тыңдауға мәслихат депутаттары, тұтынушылар, тәуелсіз сарапшылар, бұқаралық ақпарат құралдары, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, табиғи монополиялар субъектілерінің және өзге де мүдделі тұлғалардың өкілдері шақырылады.

ТОО «Қазэнергоцентр»

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Карагандинской области, расположенный по адресу: г. Караганда, ул. Костенко, дом 6, (тел. 42-67-00, 41-18-27, сайт <https://www.gov.kz/memleket/entities/krem>) проводит публичные слушания по рассмотрению информации о повышении предельной цены на услуги розничной реализации электрической энергии ТОО «Казэнергоцентр» в регионах Ақтоғайский район, п. Топар, п. Молодежный, г. Карқаралыс Карагандинской области.

В соответствии с Правилами ценообразования на общественно значимых рынках, утвержденных приказом Министерства национальной экономики от 1 февраля 2017 года №36.

Публичные слушания состоятся по адресам:

№	Дата	Время	Место
1	19 сентября 2023 г.	12.00 часов	п. Ақтоғай, ул. Бокейхана, дом 2, КГКП «Ақтоғайский культурно-досуговый центр»
2	20 сентября 2023г.	11.00 часов	п. Топар, ул. Казыбек би, дом 5, Дом культуры «Энергетик»
3	21 сентября 2023 г.	11.00 часов	п. Молодежный, ул. Абая, дом 13, здание акимата
4	22 сентября 2023 г.	12.00 часов	г. Карқаралыс, ул. В.Рей, дом 50, КГУ «Центр детского-юношеского творчества»

в режиме онлайн посредством социальной сети Facebook (<https://www.facebook.com/dkrem.krg>)

Контактный телефон Департамента: 8 (7212) 41-34-20. Контактные телефоны ТОО «Казэнергоцентр»: 8 (7212) 25 82 15.

На слушания приглашаются депутаты маслихатов, потребители, независимые эксперты, средства массовой информации, представители органов местного самоуправления, государственных органов, общественных объединений, субъектов естественных монополий и иных заинтересованных лиц.

Еске алу



Қанат ҒАБДОЛЛАҰЛЫ  
(13.09.1958 – 17.02.2018)

Айман ТӨЛЕУБЕКҚЫЗЫ  
(20.11.1961 – 13.09.2013)

Адам мәңгі жүрмейді бұл жалғанда,  
Көнеміз гоі тағдырдың салғанына.  
Көзімізге ып-ыстық жас келеді,  
Әке-Ана, өздеріңізді сағынып, еске алғанда.  
Бұл өмір түбі бітер аялдама,  
Жақсылар кетіп жатыр баяу гана.  
Алланың ақ ниеті сізге түссін,  
Иманың жолдас болсын, Әке-Ана!

Еске алушылар: балалары, немерелері

**P.S.** Құрметті ағайын-туыс, бауырлар, құда-жекжат, дос-жаран және барша көзқорған жасағам! Сіздерді ардақты әкеміздің өмірден өткеніне – 5 жыл, аулы анамызға 10 жыл толуына орай Құран бағышталып берілетін еске алу асына шақырамыз.

Ас 2023 жылы 16 қыркүйекте сағат 15.00-де беріледі.

Мекенжайымыз: Қарағанды қаласы «Баракят» мейрамханасы. №515

• ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАЛҚАНЫ

## Әскери тәрбие – маңызды іс

Ұлттық ұлан «Орталық» өңірлік қолбасшылығына қарасты 6505 әскери бөлімінің аумағында өңірдің тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі бөлімшелерінің топтары бастықтарымен және батальон командирлерінің орынбасарларымен үш күндік практика жиыны өтті.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

здың қасиетті парызымыз, – делі Берік Серікұлы.

Шараның басты міндеті – бөлімдердегі өткізіліп жатқан жұмысты қорытындылау, болашаққа жоспар құру, сардарлардың практикалық жұмысын пысықтау.

Жиынды «Орталық» өңірлік қолбасшылығы қолбасшысының тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары полковник Берік Токтаров ашты.

Жиында әскерилер бөлімдерде жеке құрамның тәрбие жұмысын жаңа деңгейге көтеру үшін бірқатар маңызды мәселелерге тоқталды. Шара кезінде Ардагерлер кеңесінің төрағасы, запастағы генерал-майор Ерсайын Рүстемханов «Әскери қоғамдық ұйымдармен» бірлесіп жұмыс істеудің практикалық тәжірибесімен бөлісті, олар өз кезегінде жеке құрамды біріктіруде үлкен рөл атқарады.



– Әскери бөлімдердегі қызмет, регламент, әрбір шаралардың өткізілуі тәрбиеге бағытталады. Бұл тек әскери тәрбиешілердің жеке міндеті емес, барша командирлерге де қатысты. Сондықтан әскерилерге рух беру, адалдық, еліміздің ішкі тұрақтылығын сақтайтын жауынгерлерге үлгі болу – баршамыз

«Сарбаздар аналары комитеті» әскери республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Лилия Хайруллина онлайн сабақ өткізіп, қатысушыларға Аналар кеңесі мүшелерімен бірлесіп өткізілетін іс-шараларға тоқталып, осы бағыттағы жұмыстың маңыздылығын атап өтті.

Қарағанды Шинсервис ШИНАЛАР

Арнайы дилер «Алтайский шинный комбинат» ААҚ «Росава» ЖАҚ «Матадор» ЖАҚ

- жеңілдетілген үлгілер үшін
- жеңілдетілген үлгілер үшін
- тракторлар және ауыл шаруашылығы техникалары үшін
- арнайы техникалар үшін

БӘ АРҒАН ШИНАЛАР САТПАЙМЫЗ, БӘ АРҒАН ШИНАЛАР САТАМЫЗ

Қарағанды қ., қойма: Асфальттың көш., 22, дүкен: Бытовья көш., 14/1  
тел. 8(7212) 97 20 27; 8 707 80 35 800

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны



## • ТЕАТР

## «Ромео мен Джульетта» сахналанады

К.Станиславский атындағы орыс драма театры 93-ші театр маусымын «Ромео мен Джульетта» трагедиясының премьерасымен ашады. Түрлендіруші бағаналар, ақ-қара бейнелер тізбегі, костюмдердегі ақ түстің басымдығы жаңа маусымға ерекше реңк бермек.



Жәлел ШАЛҚАР,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Театрдың репертуары өшпес классиктердің туындысымен арнайы шақырылған қоюшы режиссер Константин Мишиннің арқасында толығын отыр. Ресейлік театр қайраткерінің Қарағандыдағы бұл екінші жұмысы. К.Станиславский театрында Уильям Шекспирдің трагедиясы бойынша «Макбет» қойылымын қойған.

– Труппа ұлы классиканы қабылдап, ойнауға дайын. «Ромео мен Джульетта» қойылымына келсек, бұл біздің жоғалтқанмыз туралы пьеса. Мен бұл пьесаны алғаш рет қойып отырмын. Қарағандыға арнайы сақтадым. Мақсатым – сахнада адам рухының өмірі арқылы ымыраға келмейтін мөлдір, биік махаббат үшін бейнелеу, – дейді режиссер.

Ағылшын тілінен Борис Пастернак аударған түпнұсқа мәтін толығымен спектакльде сақталған. Тек қайталаулар қысқартылып, сол кездегі көрерменге түсінікті әзірлер қысқартылған.

Басты рөлдерді ерлі-зайыптылар – актер Виталий мен Мария Мосиналар ойнайды.

– Қыян. Сахнада аға-әпке едік. Енді махаббатты ойнаймыз. Іште бар сезімдерді сахнаға шығару оңай емес. Сәтті болуын тілеймін, – дейді Виталий.

Спектакль премьерасы да 10 қыркүйекте 17:00-де өтеді. Билеттер театр кассасында және ticketon.kz сайтында сатылады.

## • ПРЕМЬЕРА

## Обал-сауаптың салмағы

Қарағандылық белгілі режиссер Қаршыға Игеннің «Бетпе-бет» деп аталатын жаңа фильмі жарыққа шықты. Аталған тың туындының премьерасы 15 қыркүйекте сағат 16:00-де «Сарыжайлау» кинотеатрында өтеді.

Ерік НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Кинокартина тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ел ризығын талан-таражға салып, қарақшылық жолмен байығандардың тағдырын баяндайды. 30 жыл ішінде көл-көсір дәулетке иелік етіп, «ақ дегені – алғыс, қара дегені – қарғыс» болған адамдардың ғұмыр нүктесі – туындының негізгі желісі десек те болады.

Қаршыға Иген осы фильмі арқылы көрерменге обал мен сауаптың зіл, батпан салмағы хақында ой салғысы келген. «Бұл дүниеде жасағаның о дүниеге кетпейді» дегенді өз шеберлігімен жеткізген.

Бұл фильм облыстық «Saryarqa»

телеарнасының қолдауымен түсірілген. Рөлдерді – телеарна журналистері һәм Сәкен Сейфуллин атындағы облыстық академиялық қазақ драма театрының әртістері сомдапты.

Атап айтсақ, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Мекен Қысықов, актер, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Кеңес Жұмабеков – бас кейіпкерлер бейнесінде.

Қаршыға Иген бұған дейін, «Қарпима», «Блогер келін», «Адасқан әйел», «Тұзақ», «Хабарлама» сынды бірқатар фильмдерімен Арқа көрерменінің көзайымына айналған. Оның туындылары терең ойлылығымен, маңыздылығымен ерекшеленеді.



Сізді SARYARQA телеарнасының жаңа туындысы «БЕТПЕ – БЕТ» фильмінің тұсаукесерінің құрметті қонағы болуға шақырамыз!

15 қыркүйек 16.00  
«Сарыжайлау» кинотеатрында күтеміз.

## • БАЙҚАУ

## Тіл үздіктері марапатталды

Қарағанды қаласы әкімдігінің қолдауымен, қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі һәм «Шырақ» тілдерді оқыту орталығы бірлесіп, кеншілер шаһарында Қарағанды қаласы әкімінің «Тіл үздігі» байқауын өткізді.



Жәлел ШАЛҚАР,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Ұлт ұстазы, Ахмет Байтұрсынұлының туған күні және Қазақстан халқының тілдері күні мерекесіне орай өткізілген шара мемлекеттік тіл мен шет тілін оқытып жүрген оқытушыларға қолдау көрсету, олардың кәсіби әлеуетін дамыту, озық тәжірибелерін тарату, тілдерді оқыту орталықтарының он имиджін қалыптастыруды көздейді.

Қала әкімінің «Тіл үздігі» сыйлығы 8 аталымы бойынша тапсырылды. «Үздік оқытушы» номинациясымен «Шырақ»

тілдерді оқыту орталығының оқытушысы Әсия Смыкова, «Үздік тыңдаушы» номинациясымен «Алмағұл» балабақшасының тәрбиешісі Ирина Магина, «Үздік тіл жанынашы» номинациясымен «Балалем» тілдерді оқыту орталығының жетекшісі Жанна Құттыбаева, «Шет тілін үздік оқытушы» номинациясымен Ә.Сағынаев атындағы Қарағанды техникалық университетінің шет тілдер кафедрасының аға оқытушысы Гүлсара Амангелдина, «Мекемнің үздік қызметкері» аталымымен облыстық тілдерді оқыту орталығының қызметкері Өсет Есмағамбетов, «Үздік тіл

майталаншы» номинациясымен тілдерді дамыту басқармасы жанындағы Ресурстық тіл орталығының бөлім меңгерушісі Жұпар Жақан, «Үздік жас маман» номинациясымен «Болашақ» жоғарғы колледжінің оқытушысы Ақбота Бекімұратова, «Үздік тіл маманы» номинациясымен қоғам белсендісі Эльмира Сайлауқызы марапатталды.

Жеңімпаздардың әрқайсысына 250 мың теңге көлемінде ақшалай сыйлық пен диплом тапсырылды.

ҚАРАҒАНДЫ

## • ФЕСТИВАЛЬ

## Көңілге көктем сыйлаған

Балқаш қаласында мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған «Жан шуағы» фестивалі өтті. Өнімімізде жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіліп келген шара барысында өнерпаздар жиналған жұртшылыққа өнерлерін паш етті.

Нұрдіос КӘРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Өуелете ән шырақ, мың бұрала би билеп, көрерменнің қошеметіне бөленді. Ең бастысы, өнерпаздардың жасына шектеу қойылған жоқ. Шара аясында кішкентай жеткіншектермен егде жастағы жерлестеріміз де өнер көрсетті. Николай Гариполғы, Елена Матаева, Мария Шкуркина, Айгерім Аймұханова, Олег Тимофеев, Айгүл Ахметова, Маралбек Әмірұзақов, Наталья Новикова, Камила Саржанова, Айсель Аңсаған, Арина Амировалардың өнеріне көрермендер тәнті болды. Сонымен қатар, Балқаш қалалық мәдени-сауық орталығының әншілері Аманжол Шаймерден, Айдана Өміржан, Индира Балкеева, Еркәнат Сәдуақасовтар ән шырақ. Мүмкіндігі шектеулі жандар түрлі шығармашылық салада өздерінің мүмкіндігін сынап көрді. Атап айтқанда, олардың қолынан шыққан туындылар М.Хамзин атындағы мәдениет сарайына көрмеге қойылды. Онда түрлі бағытта бейнеленген суреттер мен арнайы матери-



алдардан жасалған картиналар көпшіліктің қызығушылығын тудырды. Сонымен қатар, түрлі бұйымдар, әрленген кестелер, моншақтар түрлі тастардан дайындалған әшекейлер талайды тамсандырды.

«Жан шуағы» атты мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған фестивалге де-

меушілік жасаған жеке кәсіпкер Ғабит Жақыповтың айтуынша, игі шараға қатысушылардың шығармашылық қабілеттері,

әлеуметтік белсенділігі дамып, арта түседі.

– Фестиваль көпшіліктің көңілінен шықты. Бұл шара алғашқы жылдары конкурс ретінде өтетін. Өздері жарым-жан жандарды жауантадпатпай фестиваль ретінде өткізіп тұруға ұсыныс жасадым. Ұйымдастырушылар бұл ұсынысты құп

алып, сол үрдіспен жалғасын тауып келеді. Мұндай жандарға көмек көрсету азаматтық асыл парызым деп ойлаймын. Осы жолы отыздан астам қатысушыға сыйлық ұсындым. Мұндай шара мүмкіндігі шектеулі жандарға үлкен бір сүйеу болары сөзсіз, – дейді Ғабит Жақыпов.

Айта кету керек, мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған фестиваль Балқаш қаласында 14 жыл бойы ұйымдастырылып келеді. Шара соңында қатысушылардың барлығына диплом және бағалы сыйлықтар тарту етілді.

БАЛҚАШ

## • СПОРТ

## Жас шамасында өзгеріс бар

Туризм және спорт министрлігі спорт резервін және жоғары дәрежелі спортшыларды даярлауды жүзеге асыратын дене шынықтыру-спорт ұйымдарындағы спортшылардың жасын қайта қарайды. Министрлік Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 20 қазандағы бұйрығына тиісті өзгерістер енгізілетінін мәлімдеді.

Өзгерістер 18 жасқа дейінгі балалар, жасөспірімдер және жастар санатындағы спортшыларды даярлауды жүзеге асыратын ерекше қажеттіліктері бар адамдарға арналған балалар-жасөспірімдер спорт мектептері мен спорт мектептеріне, сондай-ақ, балалар-жасөспірімдер дене шынықтыру клубтарына бағытталып отыр.

«Өзгерістер әр спорт түрінің ерекшеліктерін ескереді. Спортшылардың жасына сәйкес келетін жүктемені алып, одан әрі дамуы мен денсаулығы аса маңызды. Біз ұсынатын шаралар болашақ спорт жұлдыздарын даярлау сапасын айтарлықтай жақсартуға арналған», – деді Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің төрағасы Ербол Мырзабосынов.



## • БОКС

## Қоштасу

## жекпе-жегі өтеді

Атағы әлемге мәшһүр жерлесіміз Геннадий Головкиннің кәсіби бокс мансабындағы қоштасу жекпе-жегіне арналған жоспарлары белгілі болды. Орта салмақтың королі GGG қоштасу жекпе-жегі 16 желтоқсанда Қазақстанда өткізгісі келеді. Сол себептен ол Астанаға жолға шыққан.

2022 жылдың сәуір айында өткен кездесуде жапондық Риота Муратаны мерзімінен бұрын жеңіп, оған құрмет көрсетіп, шапанын сыйлаған-тың.

Тағы бір айта кетерлігі, Геннадий Головкин 10 қыркүйекте Астана-Арена стадионында өтетін Қазақстан мен Солтүстік Ирландия құрамасы арасындағы футболдан «Еуро-2024» чемпионатына іріктеу циклінің кезекті матчына қатысады.



## • ЖЕКПЕ-ЖЕК

## Төрт алтын

## еншіледі

Астана қаласында Жекпе-жек ұлттық спорт түрінен және Ұлттық спорт түрлері бойынша фестиваль өтуде. Онда Қарағанды облысының намысын қорғап жатқан спортшылардың арасынан суырылып, 7 спортшымыз ақтық сынға шықты.

– Атап айтсақ, қыздар арасынан 48 келіде Сағыншы Асылбекова алтын медаль жеңіп алса, 57 келіде Эмилия Ларионова мен 62 келіде Мария Чеботарева II орынға тұрақтап, күміс медаль иеленді. Ал, ұлдардан 68 келіде Кирилл Литвиненко мен 81 келіде Бауыржан Қуанышбаев чемпион атанды. Ал, 90 келіде Қанағат Мағмұр күміс еншілесе, 90 келіден жоғары салмақта Құдайберген Төлеубеков алтын медаль иеленді, – дейді Қарағанды қаласы кешенді балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің басшысы Асхат Ахметов.

Дайындаған  
Жәлел ҚУАНДЫҚҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

ORTALYQ QAZAQSTAN  
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС  
Директор – Қ.Ж. ӘБІЛДА  
Директордың орынбасары –  
«Индустриальная Караганда»  
газетінің бас редакторы –  
О.В. МЯГКИХ  
Директордың орынбасары –  
Г.Ш. ЖҰМАДИЛДИНОВА  
Бас редактордың орынбасары –  
Қ.А. АЙТЖАН  
Бас редактор –  
Е.К. МҰСАБЕК  
Сайт редакторы –  
І.Д. МҰҚАЙ  
Жауапты хатшы –  
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:  
Бас редактор: 43-38-53  
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:  
Ақтоғай, Шет, Балқаш,  
Приозерск: 8-702-293-13-70  
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13  
Теміртау, Саран, Шақтық, Абай,  
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.  
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.  
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.  
• Материалдың жариялану ақысы төленген (R)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № К218VRY00030163 күшіне енгізілді.  
Газет сыйсөзін, бейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalay.kz@gmail.com; ortalay.kaz@mail.ru  
Жарнама бөлімі: ortalay.kz.reklama@mail.ru



Газет жеткізілімесе  
41-26-82, 43-57-88  
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,  
БИК KСJВKZKХ БИН 000840001412

Таралымы 4 396

№ 100 тапсырыс. Индекс 65484  
Оффсеттік басылған. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша  
«Типография Арқа» ЖШС баспаханасында басылды.  
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.  
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор Жан АМАНАЙ